

ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІНІҢ ҰРАНЫ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Биыл қазақтың көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, жазушы, ақын, публицист, Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерінің бірі, қазақ халқының тәуелсіздігі, ұлттық сананың оянуы, білім мен мәдениеттің дамуы үшін күрескен тұлға – Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толды. Осы ретте барша қазақ халқын Алаштың ардақты перзенті, ұстаз Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Алла Тағала ел үшін, жер үшін жанын құрбан еткен асыл тұлғамыздың рухын жәннаттың төрінде шалқытып, рақымына алғай.

Адамзат тарихында қилы замандар аз болмаған. Нәубетті кезеңдер біздің де халқымызды айналып өтпегенін тарихтан жақсы білеміз.

Осындай ауыр оқиғалармен есте қалған XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін де сындарлы кезең болғаны белгілі. Осындай ел басына күн туған шақтарда, шешуші сәтте ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен алтын айдарлы арыстарымыздың қатарында Ислам тарихында қасиетті Құранда аталған ірі пайғамбарлардың бірі Жақып (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың есімін иеленген Міржақып Дулатұлының аты мен атағы бұл күнде зор ілтипатпен еске алынады.

Расында Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының рухани жаңғыруына, білім мен мәдениетке, ұлттық сана мен еркіндікке үндеген көрнекті тұлға. Оның «Оян, қазақ!» деп ұран тастап, елін білімге, өркениет-

ке, әділет пен еркіндікке шақыруы бүгінгі буын үшін де аса маңызды өнеге деп санаймыз.

«Көзінді аш, оян қазақ,
көтер басты,
Өткізбей қараңғыда
бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап,
хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты» деп ұран тастаған ол халықты жаңаша өмірге, еркіндікке, елдікке үндеді. Бір кездері патша үкіметі «Оян, қазақ!» еңбегін шығаруға тыйым салғанда, медресе мен мешіт шәкірттері асқан қырағылықпен, ерекше ыждағатпен басын бәйгеге тіге отырып, «Оян, қазақ!»-ты қайта қолмен жазып, қолжазба нұсқасын халық арасында кеңінен таратуға ықпал етеді. Оның қолжазба нұсқалары әлі күнге дейін Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада сақтаулы тұр.

Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашқан ол тек саяси күрескер ғана емес, терең иман иесі, халқын дін мен дәстүр аясында тәрбиелеуді мақсат еткен ағартушы еді. Оның шығармаларында Исламның асыл құндылықтары, адамгершілік, әділдік, отансүйгіштік секілді тақырыптар кеңінен қамтылған.

«Хүкімі шариғаттың тұрса қолда.
Жазылып тәуарихта қалсын аты
Бұл істің жүрген болса кім
жолында.

Дін үшін һәм халық үшін
бейнет көрген

Хор болмас жүрседағы қай орында» деген өлеңінде дін үшін, халық үшін қызмет етудің маңызын баяндайды.

Міржақып атамыз «Қазақ» газетіне жариялаған мақалаларының бірінде былай дейді: «Ар-намыс,

ویان قزاق!

کور ئىدى آج اويان قزاق كوتار بىلدى!
 اوتككزىل قارا ئغيدىدە بىكار جاسدى
 ر كىندى دىن ئاچارلاب مال خراب بوب
 اعسم ايندى جاتو مال



махаббат болмаған жерде адамшылық тұра ма?! Бұл сипаттардың болуы үшін адам баласы азат, тәрбиелі болуы тиіс. Ұл-қыз демей баланы оқыт, қазақ! Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Қандай адам жақсы кісі болмақ керек? Сондай адам жақсы, кімде кім жетім, жесір, кәріп-қасаң, қысылған-қымтырылғандарға жақсылық қылып, оларды қуанытып қойса. Ел билеген жақсылардың ойлағаны ел қамы болмаса, әрқайсысы өзінің пайдасын ойлап, мұқатқаны ағайын-жұрты болса, билерде әділет болмаса, енді жақсылықты жұрт қайдан күтпек керек?!.

Міржақып Дулатұлы осылайша барша халықты жақсылық жасауға, қоғамға пайдалы болуға, білім үйренуге үндейді. Оның бұл сөзі ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадистерімен үндеседі. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «...**Расында ғалымдар пайғамбарлардың мұра-**



Ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен алтын айдарлы арыстарымыздың қатарында Ислам тарихында қасиетті Құранда аталған ірі пайғамбарлардың бірі Жақып (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың есімін иеленген Міржақып Дулатұлының аты мен атағы бұл күнде зор ілтипатпен еске алынады..



герлері. Шын мәнінде пайғамбарлар динар да, дирхам да (алтын, күміс ақша) мұраға қалдырмайды. Олар білімді мұраға қалдырады. Кімде-кім оны алса, мол олжа алғаны...»; «Сендердің араларыңдағы ең жақсыларың – қоғамға пайдалы болғандарың» деген.

Қаймана халықтың есін жинап, еңсесін көтерту үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, бозторғайдай шырылдаған, сол күрес жолында қоғам қайраткері болып қана қоймай, қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз

үлес қосып, ұрпағына баға жетпес асыл қазына қалдырып кеткен сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі Міржақып Дулатұлы жастардың көзін ашу жолында барын салады. Орынбордағы Қазақтың халыққа білім беру институтында оқытушы болып істейді. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі кезеңде екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарады.

Тарихшы Мәмбет Қойгелдінің пікірінше, сол заманда көпшілікке танымал болған «Қазақ» газетін Міржақып Дулатұлының қарымды қаламы, көксемсер сөзі, жалынды публицистикасынсыз елестету мүмкін емес. Ол еңбектерінде тарихшы Міржақып туралы: «Міржақып өте жылдам жазған және өте өткір тақырыпта жазған. «Қазақ» газетінің сондай сапада, сондай биіктіктен көрінуіне, меніңше, бірден-бір Міржақып Дулатұлына қарыздар. Жалпы Міржақып Дулатұлы – қазақ журналистикасын жаңа сапаға көтерген адам», – деп пікір айтқан.

Осыдан бірер ай бұрын мемлекет



басшысы қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен Қостанай қаласында Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған ескерткіш ашылды. Игі іс-шараға арнайы құттықтау хатын жолдаған Мемлекет басшысы: «Төл тарихымызда азаттық үшін аянбай күрескен, ұлттың рухын көтеруге өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлғалар аз емес. Соның бірі әрі бірегейі – Міржақып Дулатұлы. Ол қазақтың асқақ арманы мен мұң-мұқтажын терең түсініп, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Жұрттың сана-сезімін жаңғырту жолында еңбек етіп, жасампаз рухтың жаршысы болды. Адамзатқа ортақ құндылықтарды кеңінен дәріптеп, жастарды өнер-білімге үндеді. Міржақып Дулатұлы әдебиетімізді жаңа деңгейге көтеруге зор еңбек сіңірді. Халқымыздың біртуар перзентінің қайраткерлік қасиеті мен азаматтық ұстанымдары өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге болатын сөзсіз» деген болатын.

Міржақып Дулатұлы – қазақ халқының тағдырын терең түсін-

ген, елінің ертеңі үшін жанын қиған арда ұлдарының бірі. Ол тек ақын, жазушы, ұстаз ғана емес, сонымен бірге рухани және ұлттық жаңғырудың жаршысы болған қайраткер. Әрқашан халықты надандық пен енжарлықтан арылуға, Алланы танып, адал еңбек етуге, ғылым мен білімге ұмтылуға шақырды. Бұл үндеу – имандылыққа, әділдікке және елдікке шақырған рухани манифест еді.

Ол өз шығармаларында: «Тұтқында жатырсың, қазақ, ойлан, ұйқыңды аш!» деп, ұлтын ұйқысынан оятуға тырысты. Міржақып Дулатұлы еркіндік пен әділдікке, имандылық пен бірлікке негізделген қоғам құруды армандады және осы жолда бар күш-қайратын сарп етті. Оның мұрат-мақсаты қасиетті кітабымыз Құрандағы: **«Алланың әмірімен оны (адамды) алдынан да, артынан да алма-кезек бақылайтын һәм қорғайтын, не істеп, не қойғанын түгел жазып отыратын періштелер бар. Қандай да бір қауым өз ішінде (рухани тұрғыдан жұтап) өзгермейінше Алла ол қа-**

уымды өзгертпейді (яғни, жамандыққа душар етпейді). Егер Алла бір қауымның басына қандай да бір жамандықтың келуін қаласа, оның бетін ешкім де қайтара алмайды. Адамдарға Алладан өзге қамқор болатын ешкім жоқ» («Рағд» сүресі, 11-аят) деген ұлық қағидамен үндес еді.

Бүгін Алланың қалауымен біз осындай тұлғалардың еңбегі мен өсиетіне сүйеніп, тәуелсіз ел, азат халық болып отырмыз. Сондықтан Міржақып Дулатұлы сынды арда азаматтардың мұрасын тек тарих үшін емес, рухани бағдар, өнегелі жол ретінде бағалауымыз қажет. Өйткені Міржақып сынды Алаш азаматтары – ел руханиятының шамшырағы. Біз осындай арыстарымызды ардақтап, олардың аманатына адал болуымыз қажет. Ұлтымыздың көрнекті тұлғаларының өнегелі жолы өскелең ұрпаққа әрқашан рухани бағдар болғай! Алла ел қамында шейіт болған тұлғаларымызды мейіріміне бөлеп, мәңгілік мекенін жәннаттың төрі еткей. Әумин!

АЛАШ АРЫСТАРЫ ЖӘНЕ «ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІ

Уфа қаласындағы (қазіргі Башқұртстан астанасы) «Ғалия» медресесі – ХХ ғасырдың басындағы түркі-мұсылман әлемінің ең озық азартушылық мекемесі ретінде тарихта өшпес із қалдырды. «Ғалия» медресесінің қазақ руханиятындағы орны бөлек. Себебі бұл оқу орнында 1906-1918 жылдары 200-ге жуық қазақ шәкірті білім алды.



«Ғалия» медресесі оқу орны ғана емес, ол ұлттың рухани ұстаханасы, қазақ зиялыларының қалыптасуына үлкен үлес қосқан рухани-азарту ордасы болды. Бұл оқу орнында ұлттық идея мен мұсылмандық тәрбиені қатар алған шәкірттер өсіп шықты. Медреседе оқыған қазақ жастары кейін

ұлттың рухани, мәдени, саяси өмірінде ерекше орын алған тұлғаларға айналды. Олар туған халқының көзі ашық, көкірегі ояу болуы үшін қажырлы еңбек етті. Осы орайда «Ғалия» медресесінің Алаш арыстарымен байланысы туралы аз-кем атап өтейік.

Біріншіден, Алаш арыстары қиын сәттерде медресе шәкірттерінің қасынан табылып, оларды қолдап-қуаттап отырды. 1966 жылы шыққан «Ғалимжан Ибрагимов турында истәлекләр» деген татар тіліндегі кітап бар. Осы кітапта «Ғалияның» шәкірті, татар ақыны Сайфи Құдаштың естелігі берілген. Ол естелігінде сабақтас досы Бейімбет Майлиннің «Қазақ» газетінің редакторы Ахмет Байтұрсынұлымен кездескен кездегі әсерін әдемілеп жазыпты. Бейімбеттің айтуынша, Ахмет Байтұрсынұлы «Ғалия» медресесіне арнайы келген. Медресе мұғалімдері Ғалимжан Ибрагимов пен Мәжит Ғафуримен кездесіп, қазақ жастарын толғандыратын мәселелер жайында сөйлескен. Бұл мәселе «Садақ» қолжазба

журналына қатысты жағдай еді. Бейімбет Майлин шығарған «Садақ» журналының алғашқы екі санын татар шәкірттер жыртып тастап, соның салдарынан татар және қазақ шәкірттері арасына сызат түсіп, мұның соңы жалпыұлттық сипат ала бастаған кезде Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының Уфаға арнайы барып, медресе басшылығымен, қазақ шәкірттерімен кездескен еді. Сол секілді Алаш һәм дін қайраткері Ғұмар Қараш та қазақ пен татар шәкірттері арасындағы дау-дамайға қатысты «Екі бауырға» деген өлең жазып, қазақ пен татар шәкірттерін татуласуға шақырып, арадағы келеңсіздікті ұмытып, ынтымақта болуына ықпал етті.

Екіншіден, Алаш қайраткерлері медресе шәкірттерінің іс-шараларына қатысты. Сабақтан тыс уақыттарда медреседе шәкірттердің атсалысуымен лекциялар, пікірталастар, сауық һәм әдеби кештер ұйымдастырылды. Сондай іс-шараларға Алаш қайраткерлері де қатысып, шәкірттерге қолдау білдірді. Мәселен, 1917 жылғы 9 қарашада «Ғалия» медресесінің ғимаратында әдеби кеш өткен кезде Уфадағы қазақ қазилары, Алаштың дін қайраткерлері Ғұмар Қараш пен Қайыршаһ Ахметжанұлы арнаулы шақыртумен барып қатысып, шәкірттердің бастамаларына оң баға берді. Бұл жайында медресе жанынан шыққан «Садақ» журналында: «Уфаның ішіндегі әрбір ардақты кісілерге арнайы билеттер жіберіліп, ерте бастан шақырылып еді. Бұның ішінде біздің қазақтан Ғұмар Қарашев (қазы), Хайыршаһ Ахметжанов (қазы), Зия Алдабергеновтер (мұғалім Ғалияда) бар еді. Ойлаған жерден шығып, тәуір-тәуір кісілер мезгілімен келді. Өзі келген кісілер де көп.

Олар келе бастағаннан-ақ көңілді өтетіні белгілі еді. Тағы жуан қуаныш, кең күйлі қазақ ағаларымыздың көрінуі болды: екі қазы, бір мұғаліміміздің ең алда отырғанына беліміз күдірейіп, қазақтың да шын оянғандығы көрінді», – деп жазды («Садақ» журналы, №3, 1917 жыл). Дін қайраткерлерінің қазақ шәкірттері ұйымдастырған сауық кешінен төбе көрсетуі олардың қазақ балаларына деген қолдауы мен қамқорлығы еді.

1916 жылы «Ғалия» медресесінің 10 жылдық мерейтойы қарсаңында Ахмет Байтұрсынұлы Уфаға тағы да барып, «Ғалияда» оқып жатқан қазақ шәкірттерімен арнайы жүздесті. Осы кезде бәрі бірге суретке түскен болатын (суретте). Бұл тарихи суретті абайтанушы

«Ғалия» медресесі оқу орны ғана емес, ол ұлттың рухани ұстаханасы, қазақ зиялыларының қалыптасуына үлкен үлес қосқан рухани-ағарту ордасы болды. Бұл оқу орнында ұлттық идея мен мұсылмандық тәрбиені қатар алған шәкірттер өсіп шықты. Медреседе оқыған қазақ жастары кейін ұлттың рухани, мәдени, саяси өмірінде ерекше орын алған тұлғаларға айналды.

Қайым Мұхамедхановтың ұстазы, «Ғалияның» түлегі Хайролла Ибраһимов сақтап келген екен. Қайым Мұхамедханов бұл суретті 1989 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады. Бұл суретке «Ғалияның» шәкірттері Хайролла Ибраһимов, Омар Алмасов, Абылғазы Иманов, Ахмет Мамытұлы, Армия Ешкеев, Зәкір Сералин, Абзал Жиенғалиев, Мәннан Тұрғанбаев, Нұрхан Иленов, Әбдірахман Мұстафин, Ишанғали Арабаев, Ғабдолкәрім Қарабалин ортаға ұлт ұстазы Ахмет

Байтұрсынұлын алып түскен болатын.

Үшіншіден, медресе шәкірттерінің мақалаларын Алаш қайраткерлері «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде үнемі жариялап, олардың үнін ескеріп отырды. «Ғалиядағы» қазақ шәкірттері медресе жанынан «Садақ» қолжазба журналын шығарды. Шәкірттер осы журналдың шығуына күш салды. Одан бөлек сол уақыттағы «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріне де мақалалар жазып, өздерін толғандырған түрлі түйткілді тақырыптарға қатысты ой-пікірін ашық білдірді. Сөйтіп қоғамның алға басуына айтарлықтай ықпал етті.

«Ғалияның» шәкірті Ғабдолла Шоқаев «Қазақ» газетінің 1913 жылғы санына қазақша оқуды бір ізге түсіру туралы мақала жазып: «Уфада, Орынборда, Қазанда, Троискіде, Стамбұлда, Семейде, Қызылжарда, Қарғалыда оқып жатқан көзі ашық қазақ шәкірттері, сіздер биыл болмаса, келер жылы бәріңіз де мұғалім болғалы, жұртқа қызмет еткелі тұрсыздар, көбіңіз осы күні ел ішінде оқытып жатырсыздар, бет-бетімізбен жайылып жүреміз бе, жоқ, бір ізге түсеміз бе? Осыған газета арқылы болса да, хатпен болса да хабарласып, пікірімізді майданға салсақ қалай болар екен?» – деді. Ғабдолланың осы мақаласына газет бетінде бірнеше

адам ой қосты. Сол секілді «Қазақ» газетінде мұғалімдер курсы мәселесі де қызу талқыланды. «Ғалияның» шәкірті Мәннан Тұрғанбайұлы «Мұғалімдер курсы керек» (1914 жыл) деген мақала жазып, мәселеге қатысты өз пікірін айтты.

«Ғалияның» шәкірттері мақалаларын топтасып та жазды. Мәселен, ғалиялық шәкірттер Сәдуақас Жандосов, Ысқақ Заһиров, Әбушахман Боқаев, Абдулхамит Молдағалиев, Абдолла Толбаев, Хайролла Ибраһимов, Зәкір Сералин, Ахмет Мамытұлы, Ерғали Бейісов, Софалла Ғабдолғазизов, Исмаил Тұрсынов, Тажәли Жұмалиев бірлесіп «Қазақ» газетіне «Емле турасында» (1913 жыл) деген мақала жазса, шәкірттердің тағы бір тобы – Әбілғазы Иманбеков, Бекмұхамет Құсайынов, Ахметжан Күзембаев, Ғайса Тоқтарбеков, Шаһмардан Ғұмаров, Нұғыман Манаев, Камалиден Жайсақов, Ғаббас Қоңқаев, Нұржан Еленов, Хамза Ибрагимов, Мұнарбан Ермектасов, Мырзахмет Қожақыланов, Зәкір Ғабдуллин, Мәннан Тұрғанбаев, Молдахмет Ержанов, Қапан Ғабділқариев және Хұсайын Ажаров бірігіп «Емле хақында» (1913 жыл) деген мақала жазды. Алаш қайраткерлері осы арқылы шәкірттердің өз үшін баспасөзде ашық айтуына жол ашты. Соның арқасында ғалиялық шәкірттер ештеңеден тайсалмай, ұлттың ұпайын түгендеуге ұмтылды.

Төртіншіден, Алаш қайраткерлері «Ғалия» медресесін баспасөз арқылы үнемі насихаттап, шәкірттерге қаржылай қолдау білдірді. Алаш қайраткері, «Қазақ» газетінің хатшысы Міржақып Дулатұлы «Ғалияның» 10 жылдығы қарсаңында газетке мерекелік мақала жариялап: «Медресе «Ғалияны» естімеген қазақ жоқ. Қазақ даласының қай жерінен болса да, 10 жылдың ішінде медресе «Ғалияда» оқыған шәкірттер бар. Осы күнгі қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі – медресе «Ғалияның» жемісі», – дей келіп, оқырмандарды «Ғалияға» жәрдем беруге шақырды. «Көзі ашық азаматтар! Қайыр ихсаны кесілмеген байлар! Медресе «Ғалиядан» оқып шыққан жігіттер! Мынау медресе «Ғалияға» хал-қадірінше жәрдем ету, білмейтіндерге түсіндіріп, медресенің күшеюіне қам қылу – сіздерге борыш. Қазақтан бір тиын көмек болмаса да, медресе «Ғалия» қазақ баласын кумас, бірақ өзіміздің елдігімізге таңба болар!» – деп жазды ол.

Сондай-ақ «Қазақ» газеті медреседе оқып жатқан мұқтаж шәкірттерге қаржылай қолдау көрсетті. Газет бетінде «Мұқтаж оқушыларға жәрдем» деген айдар жүргізіліп, медресе шәкірттеріне ақша аударып отырды. Ол уақытта сондай бір жақсы үлгі болған: бір бақуатты адам өмірден өткен кезде туыстары

марқұмның атынан оқу орындарында білім алып жатқан шәкірттерге жәрдем (садақа) берді. «Қазақ» газетінде сондай жәрдемнен үлес алған шәкірттер туралы да қысқа хабарлар жарияланды. Мұндай көмекті «Ғалияда» оқып жатқан қолы қысқа шәкірттер де алды. Сол секілді әдеби кештерден түскен қаражаттың да белгілі бір бөлігі мұқтаж шәкірттерге берілді.

Бесіншіден, «Ғалияның» шәкірттері де елдік мәселелерге де араласып, Алаш қозғалысына дем берді. Жалпықазақ сиезі қарсаңында «Ғалияда» оқып жатқан жиырма сегіз қазақ шәкірті «Қазақ» басқармасына: «Жалпы қазақ сиезі ашылуына артықша ризамыз. Сиезде алдымен ұлт қорғай мәселесі һәм оқу ісі қаралғанын тілейміз. Қажет болса, біздер құқық милициясына жазылып, ұлтымызды қорғауға даярмыз», – деп жеделхат жолдады. Шәкірттердің «ұлтымызды қорғауға даярмыз» деп Алаш әскерінің қатарынан табылуға тілек білдіруінің өзі олардың елдік мүддеге келгенде бұғып қалмағанын байқатады.

Сол секілді ғалиялық шәкірттер «Сарыарқа» газеті арқылы: «Егер осы күнгі көш бастап жүрген, ақ жүрек азаматтардың соңына ерсеңіз, иншалла, ол уақытта қатын-баланың, кейінгі үрім-бұтақтың обалына қала қоймассыз. Дініңізден, күніңізден, жер-суыңыздан айырыла қоймассыз! Ол – ақ жүрек азаматтарымыз осы күнгі газет шығарып, халықтың қамын ойлап жатқандар. Бастарыңа екіталай қиыншылық күндер туып сасқанда шын жаны ашып, бас-көз болып қызмет еткендер», – дей келіп, барша Алаш азаматтары мен медреседе оқып жатқан шәкірттерді Алаш туының астына жиылуға, Әлихан, Ахмет, Міржақып секілді адал азаматтардың соңынан еруге шақырды.

«Ғалияның» шәкірттері медресе жанынан «Садақ» қолжазба журналын ашты. Игілік қауымын (қор) құрып, ортадан қаржы жинап, оны ұлт қажетіне жұмсады. Игілік қауымының қаржысына Уфадағы «Шарқ» баспасынан Ғұмар Қараштың «Өрнек», «Тумыш» және «Бала тұлпар» кітаптарын, медресе шәкірттері Ишанғали Арабаев пен Хафиз Сәрсекенің «Әліппе яки төте оқу», Нұғыман Манаевтың «Иман-Ислам» кітаптарын шығарып, қазақ арасына таратты. «Қазақ» газеті ашылған кезде ғалиялық шәкірттер Игілік қауымының қаржысын түгелдей газет редакциясына аударды. Мұндағы мақсат қаржыны ортақ мақсатқа, ел игілігіне жұмсау еді. Осылайша «Ғалияның» шәкірттері Алаш қайраткерлерімен тізе қосып, ұлттық мүдде жолында бірлесе қызмет етті. Сөйтіп өздері де ұлт қайраткерлеріне айналды.

Серікбол ХАСАН



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ: АДАМШЫЛЫҚ, ҰЛТ ЖӘНЕ ХАҚИҚАТ ІЗДЕНІСІ

Құдай Тағаланың ерекше жаратқан перзентінің бірі де бірегейі – Әлихан Бөкейхан еді. Інісі Смахан төренің жазуынша, алаш ардақтысы өмірге келгенде сүндеттеліп, кіндігі кесіліп туылған екен. Бұл да бір шебер Алланың аймаңдай ұлт саңлағының тағдырына жазған нышан шығар...

Әлихан Бөкейхан – алаш ұлт-азаттық қозғалысының көсемі ғана емес, сонымен қатар дін мен адамзат өркениеті арасындағы байланысты терең зерделеген ойшыл. Оның публицистикасындағы діни тақырыптар – рухани догматиканы насихаттау емес, керісінше, ақыл мен сенімнің, ұлт пен адамзаттың, дәстүр мен жаңғырудың арасындағы нәзік тепе-теңдікті іздеу. Осы тұрғыдан «Дін таласы. Сурат кофеханасы» («Қазақ» газетінің 1913 жылғы №1, 3, 4) және «Рамазан айы жақындау тақырыпты...» («Қазақ», 1916 жылғы №185) деген еңбектері Әлихан Бөкейханның діни-философиялық көзқарасының шыңы деуге болады. Біріншісінде ол әлемдік діндердің өзара қатынасы мен адам баласының рухани соқырлығын философиялық мысал арқылы көрсетсе, екіншісінде исламның әлеуметтік, ағартушылық мәнін талдайды.

**«Сурат кофеханасындағы» ғибрат:
дін емес, ақыл мен адамдықтың жеңісі**

«Дін таласы. Сурат кофеханасы» – бұл мақаланың сыртқы пішіні – философиялық хикаят, ішкі мәні – діни төзімділік пен ақиқатқа апарар жолдың бейнелі философиясы. Мақала Толстойдың әңгімесінен бастау алады, бірақ Әлихан оны қазақы ой мен Шығыс мәдениетінің ыңғайына бейімдеп, терең символдық деңгейге көтереді. Мұнда әр түрлі дін өкілдері – мұсылман, иудей, христиан, брахман, конфуцийшіл және өзге сенім иелері – Құдай туралы пікір таластырады. Әрқайсысы өз сенімін «шын хақиқат» деп танып, өзгесін теріске шығарады. Алайда әңгіменің соңында үнсіз отырған қытайдың сөзі – адамзаттық даналықтың айғағы: «Күн турасында қандай адасу болса, Құдай турасында да сондай адасу бар... Дін турасында адасу һәм иттифақсыздықтың түбі намыстан, мешелдіктен». Бұл сөйлем – автордың діни философиясының түйіні. Ол адамның шын хақ дінді іздеудегі басты қателігі – өз сенімін өзгеден

жоғары қоюында, яғни намыс пен менмендікте деп біледі.

Қытайдың күн туралы мысалы (соқыр адам, ақсақ, балықшы, дін өкілі, теңізші, ағылшын матрос және ғалымның пікірлері) – бір шындыққа әр түрлі жолмен баруға ұмтылған адамзаттың бейнесі. Соңында данышпанның қорытындысы адамды ақиқатқа емес, смирениеге (көншілікке), яғни өзге сенімге құрметпен қарауға шақырады. Бұл туындыда Ә. Бөкейхан діни фанатизм мен догматизмге қарсы рационалды гуманизм ұстанымын бекітеді. Ол үшін Құдай – ұлт, нәсіл немесе діннің иелігіндегі ұғым емес, бүкіл адамзатқа ортақ Жаратушы.

«Күллі дүниеге сыймайтын ұлығ тәңіріні һәр жұрт өзінің ғибадатханасына қамағысы келеді» деп, ол діннің шекарасынан жоғары тұрған рухани кеңістікке меңзейді. Осы арқылы Ә. Бөкейхан діни төзімділік идеясын қазақ ойлау жүйесіне енгізіп, исламды ақылмен түсінудің, адамшылықпен ұғынудың үлгісін ұсынады.

«Рамазан айы жақындау тақырыпты»: дін мен ұлттың әлеуметтік мәні

Бұл мақалада Әлихан Бөкейхан Ислам дінін жеке құлшылықтың ғана емес, қоғамдық жауапкершіліктің, ұлттың өркендеуінің негізі ретінде талдайды. Рамазан айының маңызын баяндаудан бастай отырып, ол негізгі назарды сыртқы діни рәсімге емес, ішкі мазмұнға аударады: «Рамазан айы әр жердегі халықтардың бастарын қосып, бір-бірінің халдерімен танысуға, пақырлардың халдерін ескертіп, оларға жәрдем беруге үйретеді». Бұл – Ә.Бөкейханның исламды әлеуметтік этика ретінде түсінуі. Ол үшін ораза мен садақа – рухани тазалықтың ғана емес, ұлт мұқтажығын өтеудің де жолы.

Ол Құранның «пақыр», «уәбнис сәбиил», «фи сәбилиллә» сияқты ұғымдарын ұлттық тұрғыда тәпсірлеп, ерекше тұжырым жасайды: «Білімге сусаған халық пақыр халық болады. Мұндай пақыр халықтың оқу-білім жұрттарын көбейтуге қызмет еткен кісілер екі дүниеде де зор сауапқа қалады». Мұндағы ой – садақа мен зекетті діни рәсім емес деп қана емес, керісінше өркениет пен даму жолынан қалыс қалған, надандық құрсауындағы ұлтты ағарту құралына айналдыру. Ә. Бөкейхан халықтың надандығы мен кедейлігін ең ауыр пақырлық деп бағалап, шынайы мұсылмандық

– тек мешіт қана салу емес, мектеп ашу, шәкірт оқыту екенін дәлелдейді. Бұл ұстаным оның «Қазақ», «Айқап» кезеңіндегі ағартушылық бағдарламасымен де үндес: исламның моральдық қуатын ұлттың мәдени жаңғыруына бағыттау.

Осы екі еңбектің мазмұнына үңілсек, Әлихан Бөкейханның дінге көзқарасының негізгі екі қырын анық көреміз: Біріншісі – рационалды гуманизм – дінді ақылмен түсіну, өзге сенімге құрметпен қарау. Ол Толстой мен Шығыс философиясының гуманистік бағытын исламдық этикамен ұштастырады. Екіншісі – әлеуметтік ислам діннің басты мақсаты адам мен қоғамның тұрмысын түзету, зекет пен садақаны ұлтты

ағартуға жұмсау. Ұлтшылдық пен имандылықтың үйлесімі – нағыз мұсылмандық ұлттың ілгері дамуына қызмет ету деп тануы. Сондықтан ол былай дейді: «Ұлт ісінің керегі болмаса, Алла сүйген малдарыңнан садақа беріңдер деп айтпас еді». Яғни, Алланың игілігі жолында сүйген затың мен мал-мүлкіңді садақа мен зекетке бер деп, ұлт ісіне бей-жай қарамауға шақырған.

Сан қырлы санаткер Әлихан Бөкейханның діни тақырыптағы мақалалары – оның саяси не догматикалық емес, философиялық

Ислам түсінігінің көрінісі. Ол дінді – адамзаттың рухани бірігу жолы, ұлттың өркениеттік ілгерілеу құралы ретінде ұққан. «Сурат кофеханасы» арқылы ол адам мен Құдай арасындағы қарым-қатынасты ақыл мен адамгершілік тұрғысынан пайымдаса, «Рамазан айы» арқылы дінді ұлттық ағартушылықтың, әлеуметтік теңдіктің тірегіне айналдырады. Осылайша Әлихан Бөкейхан дінді тек сенім жүйесі емес, мәдени, этикалық және ұлттық жаңғырудың идеялық өзегіне айналдырды.

Жалпы Әлихан Бөкейханның діни көзқарасы – ақылға негізделген имандылық, гуманизм мен ағартушылықтың синтезі.

Ол исламды қоғамды тұтастырушы, адамды ізгілендіруші, ұлтты өркендетуші күш деп таныды. Дінді саясаттың құралына емес, адамдық пен ұлтқа қызмет етудің рухани мектебіне айналдырды. Сондықтан да Әлихан Бөкейхан үшін шынайы мұсылман – мешітке жиі барып, құлшылық қылатын адам ғана емес, қоғамға пайдасын тигізіп, ұлтқа жарық түсіретін адам еді.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
алаштанушы



НАУАН ХАЗІРЕТ НЕМЕСЕ АРПАЛЫСТА ӨТКЕН ӨМІР

XIX ғасырдың екінші жартысында патшалық Ресей Ислам дінінің таралуына қарсылық танытып, жергілікті халыққа христиан дінін қабылдату, орыстандыру саясатын күшейте түсті. Бір көрінісі мынау. 1868 жылы қазақтарды Орынбор мұсылман діни жиналысы (мүфтият) құзырынан шығарып, Батыс Сібір яғни нақты айтар болсақ, Ақмола облысы қазақтарының діни мәселелері азаматтық басқармалар арқылы Ішкі істер министрлігіне, оның ішінде «Земство бөліміне», «Басқа ұлттардың наным-сеніміне байланысты дін департаментіне» қаратады. 1891, 1898 жылдары әкімшілік ережелерге байланысты діни мәселелер губернаторлар мен әскери басшыларға жүктеледі.

Христиандандыру саясатына қарсы тұрар тұлғалар жергілікті молдалар екенін жақсы түсінген әкімшілік оларды қудалауға ұшыратты. Олардың тізімінің басында Науан хазірет тұрғаны бесенеден белгілі. Әлихан Бөкейханов мақаласында: «Үкімет қазақ халқын әдейі надандыққа итергісі келсе, Науанды қудалаудан бастаудан басқа ештеңе ойлап таба алмады», – деп ашық

жазып жариялайды. 1901 жылы Ақмола облысының Земство бөлімінің бастығы Троицкий Наурызбай Таласовтан метірке тіркейтін кітаптарды алып қойды. Тәркілеу себебі – қазақтарда молда мен шариғат заңдары болмау керек деген қағида болатын. 1885 жылы генерал-губернатор Колпаковский Наурызбай Таласовты Көкшетау уезінің 8 болысының молдасы етіп сайлаған болатын. Ал 1901 жылы Троицкий Көкшетау қаласына 8 болыс, 69 би қатысқан халық жиналысын өткізіп, дін, салт-дәстүр жайында еш хабары жоқ бола тұрып, Далалық облыстарда ешқандай шариғат болмау керек деп жариялайды. Жаза мен үлкен айыппұлдар тағамыз деп қорқыта отырып, молдалардан 1. Ислам жайында дәрістер өтуге; 2. Құранға қол қойып ант қабылдауға; 3. Некені молдаларға қидыруға (некені ауыл старшиндарына қидыру керек деген заң шығарады); 4. Метірке кітабын жүргізуге тыйым салып, барлық ел ағасына қол қойып, мөрлерін басуды бұйырды. Бірақ дін бостандықтарына қол сұққан Троицкийдің бұл бұйрығын ешбір болыс, би қабылдамай қарсы шығады. Троицкий

онда әскери губернаторға арыздансаңдар болады деп құтылады.

Осылай 69 би мен ел ағасы өз араларынан Сүлеймен Құлмамбетовті 7 болыстың атынан халық сенімдісі ретінде сайлайды, ал Қотыркөл болысы Шәймерден Қосшығұловты сайлайды, басқа болыстар да Қосшығұловқа қол қойып, сенім білдіреді. 1901 жылдың 29 қыркүйегінде Сүлеймен Құлмамбетовті әскери губернаторға арыздануға Омбыға жібереді, ол арызды тапсырады, бірақ еш жауап ала алмайды. Шәймерден Қосшығұлов 1902 жылы 21 шілде күні арызын тапсырады. Әскери губернатор ол арызға да жауап бермейді. 1902 жылы 9 қазанда «Асмолинские областные ведомости» газетінің №41 санында №100 бұйрық шығады. Онда молдалардың іс-әрекетін тоқтату және егер «Далалық ереженің» 79-бабын орындамаса молдаларды қатаң жазаға тарту керек деп жазады. Осыған орай зиялы қауым хаттарында былай деп жазады: «Личное мнение и рассуждение с разными комментариями автора и толкование одного лица не есть закон. Ст. 97 гласить, что каждой волости полагается один мулла, но права их не объясняет. В ст. 79 говорится о правах волостного правления, вовсе не касаясь управление духовными делами инородцев», – деп генерал-губернатордың бұйрығын қабылдамайды.

1903 жылдың 2 сәуірінде мешіт пен медреседе, Науан хазіреттің үйінде тінту жүргізеді, барлық кітаптарды алып кетеді. Осы күнге дейін ол кітапхананың тағдыры белгісіз. Мешіт, медресені жауып тастап, Шәймерден Қосшығұловты қамауға алады. 9 мамырда әскери губернатор келеді, сүйтіп оған 3 рет арызды табыстайды, кездесіп ауызша да мән-жайды баяндайды. Кездесу барысында: «Мы со своей стороны никогда не сопротивлялись правительству и все требования власти всегда исполняли, лучшие земли уступили и уступаем русским переселенцам, подати и все государственные налоги платили исправно, натуральная и земская повинности беспрекословно исполняли, надеясь что на нас за наши религиозные убеждения – никакая гонения и притеснения не будет. В заключение мы просили узаконить наши мусульманские права как верноподданных обожаемого нами монаха и дать то право, которое присущи нам как мусульманам» – деп айтады.

20 мамырда Троицкий Мезгіл болысына 3 болыстың адамдарын жинап бұйрықта еш өзгерістер

болмайтындығын, молдаларға Құранға қол қойып ант беруді доғарып, антты билер қабылдау керектігін айтты. Халық бұл мәлімдемеге молдасыз, Құрансыз басқа ешкімге ант бермейтінін жариялайды. Бұл туралы: «Вслушав это Троицкий пришел в неопишное бешенство, топал ногами и кричал, что всех арестует и посадит в тюрьму. Народ видя своего начальника в состоянии раздражения просил его выразить письменно свое требование на что Троицкий ответил отказом», – деп халықтың оның қорқытуларына бас иегендігін атап көрсетеді.

4 шілде күні Далалық губернатор Науан хазірет пен Шәймерден Қосшығұлов екеуін әкімшілік тәртіппен Иркутске жер аударып жібереді.

Осыдан кейін хазірет пен шәкірттерін босатып алу үшін күрес басталады. Дала губернаторынан еш пайда болмаған соң, қазақтар араларынан 12 болыстың атынан халық сенімділері ретінде Бабаназар Жанбатыров пен Әбутәліп Баказинді сайлап, Санкт-Петербургке Ішкі министрге арыз беруге жібереді. 25 шілдеде Санкт-Петербургке барып 30 шілде күні 12 болыстың атынан Ішкі істер министріне арызын әкеп тапсырды. Жауап ала алмай, 4 ай Санкт-Петербургте күтіп жатады. Талап – Науан хазірет пен

Шәймерден Қосшығұловты босату және діни рәсімдерді бұрынғыша орындау. Бұл талаптарды қарастырған уақытта Патшалық шенеуніктері былай дейді: «При этом было обнаружено, что мулла Таласов при помощи киргиза Косшегулова ведет агитацию против правительственных распоряжении. За что означенные лица высланы в Сибирь административным порядком», – дейді. Ал дін мәселесіне келген уақытта, Көкшетау уезінің игі жақсыларының Патшалықтың өз заңдарын өздеріне талдағандары басшылықты тығырыққа тіреп қояды. Соңында қателіктерін мойындай отырып: «Жалпы алғанда, Дала генерал-губернаторының №100 бұйрығында баяндалған жарлығы молдаларды сол бұйрықта көрсетілген қазақтардың істеріне араласудан аластату мақсатына жетпейді, керісінше, егер оларды осы бұйрыққа сәйкес қудаласа, молдалар дін жолында азап шеккен шейіттер ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай жарлық дінге немқұрайлы болып келген қазақ халқының арасында діни фанатизмді қоздыруы ықтимал, яғни Ислам дінінің ең белсенді насихатшылары да қол жеткізе алмаған табысқа жетуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, генерал-лейтенант Сухотиннің бұл жарлығы шет



Христиандандыру саясатына қарсы тұрар тұлғалар жергілікті молдалар екенін жақсы түсінген әкімшілік оларды қудалауға ұшыратты. Олардың тізімінің басында Науан хазірет тұрғаны бесенеден белгілі. Әлихан Бөкейханов мақаласында: «Үкімет қазақ халқын әдейі надандыққа итергісі келсе, Науанды қудалаудан бастаудан басқа ештеңе ойлап таба алмады», – деп ашық жазып жариялайды.



аймақтағы орыс мүдделерімен онша үйлесе қоймайды», – деп қорытынды жасайды. Патшалықтың басқа ұлттардың наным-сенімі туралы діни департаменті былай қаулы етеді: «Земский отдел имеет честь препроводить при семь в Департамент духовных дел иностранных исповеданий по принадлежности переписку походотайству доверенных киргизских обществ Кокчетавского уезда, Акмоленской области, о разрешении киргизских муллам совершать мусульманские обряды». Яғни жергілікті ұлттың діни рәсімдерін толық орындауына рұқсат бермеске амалдары қалмайды. Осылайша Көкше қазақтарының талаптарын қабылдауға тура келді. Бұл дін үшін күресте Науан хазіреттің екі шәкірті, халық сенімділері Бабаназар Жанбатыров пен Әбутәліп Баказиннің елге алып келген жеңісі, сүйінші хабары еді. Бірақ бұл хаттың негізінде Науан хазірет те, Шәймерден Қосшығұлов та босатылмайды. Олар екі жылдан кейін 1905 жылы босайды. Ал 1905 жылы Алаш зиялылары 17 қазан манифесіне байланысты жарияланған бостандықтарды іс жүзінде асыруды сұрап патша атына петиция дайындайды. Ол құжат атақты «Қарқаралы петициясы» немесе «Қоянды петициясы» деген атпен мәлім. Ресей астанасына жөнелтілген петициялардың саны үшеу болатын. Жақып Ақбаев, Әлихан Бөкейхановтар 20 маусымда ұйымдастырып жіберген петицияда былай дейді: «Жағдайды оңалту және халықтың өз экономикалық ахуалын көтеруіне пұрсат беру үшін қазақ өлкесін басқаруда қазіргі кезде мына төмендегі кемшіліктерді жойып, халықтың қазіргі

тіршілік жағдайына үйлесімді шаралар қолдану қажет деп білеміз:

1891 жылғы 25 наурызда қабылданған «Далалық ережеге» сәйкес қазақтардың діни істері Ішкі істер министрлігінің хұзырында қалып отыр. Жергілікті әкімшілік орындары соңғы кезде бірсыпыра қуғын-сүргін шараларын жүзеге асырды. Атап айтқанда, 1903 жылы Петропавл, Көкшетау, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйінде тінту жүргізілді. Соның барысында алынған кітапханалар әлі күнге дейін иелеріне қайтарылмай отыр. Ол ол ма, Көкшетау уезінің қазақтары Наурызбай Таласов пен Шаймерден Қосшығұлов өздерінің діни наным үшін алғашқысы Енисей губерниясына, соңғысы Якут облысына жер аударылды...» (1905 жылғы 26 маусым. Қоянды жәрмеңкесі). Түпнұсқасына 12 767 адам қол қойған.

1905 жылы Науан Хазірет пен шәкірттері дін аман елге оралады.

Қорыта айтқанда, Науан Хазіреттің дін үшін күресі, елдің Науан хазірет үшін және оның шәкірттері үшін күресі Арқа жерінде Ислам дінін сақтап, христиандандыру процесін тоқтатқан үлкен дүмпу болды. Әрине Науан хазірет туралы әлі де терең зерттеу қажет ететін мәселелер өте көп. Оның бәрін әзірге уақыт еншісіне қалдыра тұрайық.

Саят БАЙМҰРАТҰЛЫ,
тарихшы



ХАҚ ЖОЛЫНЫҢ КОМПАСЫ



Ақын, қоғам қайраткері Ғұмар Қараштың халқы үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. 1875-1921 жылдар аралығында өмір сүрген ол әр жылдарда ұстаздық қылып, бала оқытты; педагогикалық техникумда сабақ берді, «Қазақстан», «Мұғалім», «Дұрыстық жолы» тәрізді басылымдарда қызмет етті.

Сондай-ақ, оның туындылары «Қазақ», «Айқап», «Абай», «Шора» т.б. газет-журналдарда жарияланып тұрды. Ғ. Қараш тарихта Алашорда мүшесі ретінде қалғаны да белгілі. 1917 жылы Орынборда өткен бірінші және екінші жалпықазақ съездеріне белсене қатысып, Алаш партиясының жұмыстарына білек сыбана араласты. Тіпті, екінші съезде қази болып сайланды. Сонымен қатар, көзі тірісінде оның 5 жыр жинағы мен 3 зерттеу кітабы жарық көрген.

Ағартушы көптеген туындысында ұлтын оқу-білімге шақырады. Мәселен, мына шумағына назар аударалық:

Қай елдің ұлы-қызы болса надан,
Сол елдің ырысы қайтып, бағы сөнген.
Надандық қайыры жоқ о бір кесір,
Неш халық оңа алмайды оған ерген.

Яғни, өнер-ғылымнан алыс қауымдардың қайғысы көп, келешегі жоқ. Надандық құрдымға апаратын

кесапат. Осы ойын Ғұмар мақаласында кеңірек тарқатады: «Ел надан болған соң, пайдалы мен зиянды айырмайды. Өз халқын өзі сақтай алмайды – оған ит те жау, құс та жау, оның еншісіне душар өзара бөлінгендік, бәсеке, аралас отырған білімді жұртқа қол болу – жұтылу, ақыры діні, күнінен бірдей айырылып, сымпиып, құру, жоқ болудан басқа нәрсе тимейді». Қаламгер білім мен ғылымнан мақұрым қалған жұрттың әркімге бір жем болып, өзге елдердің құлына айналатынын соқырға таяқ ұстатқандай түсіндірген. Өркениет көшіне ілеспегендер жерінен де, дінінен де, төл мәдениетінен де айрылып, жойылып кетеді. Асыл дініміз де білімнің мән-маңызын жете түсіндіреді. Мәселен, Алла Тағала «Құранның» «Зүмәр» сүресінің 9-аятында: «**Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?**» – десе, ал «Ниса» сүресінің 162-аятында: «**Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз**»

– деп уәде етеді. Мұхаммед Пайғамбар да (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетін терең білімге ынталандырған: *«Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары»*; *«Білім мұсылман әйелге де, ерге де парыз»*; *«Ілім үйренуге шыққан адам Алла жолында»*. Қасиетті кітаптағы аяттарды, Пайғамбар хадистерін, данышпан бабаларымыздың өсиетін мансұқ етпеген әр адам ұдайы таным көкжиегін кеңейтіп, білімін жетілдіруге ұмтылатыны анық. Өйткені, ғасыр алмасса да, Ғұмар Қараш жазған жәйттер әлі өзгере қойған жоқ. Қазір де ғылым мен өндірісі, технологиясы мен қаруы мықты мемлекеттер шекарасын да, мәдениетін де қорғай алады. Ал ғылым әлеміндегі жаңалықтардан кешіккен жұрттардың жері мен байлығы тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетуде.

Алашордашының ұстанымдары әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзінен алысқа кетпейді. Яғни, Ғұмар жас ұрпаққа білім мен қатар тәрбие беру керектігіне де тоқталған.

Баланы жаста үйрету – жақсы үйрету,

Әркімнің өз басына міндет, шырақ.

Өзіңе міндет істі ада қылмай,

Тәңірді жазғыруың жолсызырақ.

Осы жалғыз шумақтан-ақ бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін ұғуға болады. Ұл-қызыңызға о бастан дұрыс бағыт-бағдар сілтемесеңіз, жаман әдеттерге үйір болып, өзіңізге опық жегізеді. Ондай жағдайда «Балам мұндай болатындай не жаздым?» деп Құдайды жазғырмай, өзіңізді кінәлауға тура келеді. Мұның алдын алу үшін перзенттеріңізді жақсылыққа тәрбиелеуіңіз шарт. Тәлім берудің жолдарын да Ғ. Қараш мақаласында жазады: «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынау жаман, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші». Яғни, «Баланы жастан» демекші, тәрбиеге сәби туғаннан бастап көңіл бөлген жөн. Бұл мәселе Мұхаммед Пайғамбардың да (оған Алланың сәлемі мен салауаты болсын) назарынан тыс қалмағаны кәдік. Ол хадистерінде былай дейді: **«Әкенің баласына жақсы тәрбиеден артық берер сыйлығы болмас»; «Біреулеріңнің баласына әдеп үйретуі оған әрбір күні жарты сағ (бір уыс бидай не құрма) садақа бергенінен артық»**. Бұдан шығатын қорытынды – перзенттеріне жақсы тәрбие берген жан қос дүниеде де шаттыққа кенеледі. Фәниде ұл-қыздары адам болып көз қуанышына айналса, ал бақида сауапты істерімен әке-шешесіне де шапағатын тигізеді.

Біз шығармашылығын талдап отырған ойшыл «Әр істің мезгілі мен мақсаты бар» деген мақаласында

уақыттың өткінші, өмірдің жалған екенін меңзейді: «Адам денесіне хәл-қуат, денсаулығы үшін азық-түлік қандай қажет болса, рухани байлық үшін де тиісті мағлұматтар керек. Ақылдың дұрыстығына негіз болатын пайдалы мағлұматтар еңбекпен келеді. Сондай-ақ мағлұматтарды өз мезгіліне, өз уақытында, кезінде алса ғана пайдалы болмақ. Тамақты өз уақытында қабылдағанымыз сияқты, рухани қажетті мағлұматтарды да өз уақытында ғана алып үлгеру қажет». Бұл үзіндіде Ғұмар, әсіресе, жастық шақтың қадірін ұқтыратындай. Себебі кісі жас кезінде ғылым-білімді де, жақсы әдеттерді де тез сіңіреді. Жас күнінде жиған рухани байлығы адам жанына ғұмыр бойы азық болады, тура жолдан таймай өтуіне септігін тигізеді. Сол себепті, жас буынның өнер-ғылымға және кісілік қасиеттерге өршелене ұмтылуы аса маңызды. Әйтпесе, кейін «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» (Абай) деген өкініш өзекті өртеуі ықтимал. Ғ. Қараштың жоғарыдағы мақаласын оқып отырып, Пайғамбарымыздың (оған Алланың сәлемі мен салауаты болсын) мына хадисі есіме түсті: **«Екі нығмет бар, көпшілік адам сол екі нығметтің қадірін білмейді: бірі – денсаулық, екіншісі – бос уақыт»**. Денсаулық та, уақыт та кісінің, негізінен, жас кезінде (оқушы күндерінде, студенттік шағында және одан кейінгі жылдарда) болады. Осы кезеңде зиянды әдеттерден (ішімдік, есірткі, темекі т.б.) аулақ болып, денсаулығын күткен және сағымдай алдамшы қызық-думанды қумай, уақытын пайдалы, қайырлы істерге арнаған жан қателеспейді. Қос дүние бақытына жетеді. Ғ. Қараштың публицистикалық шығармасын осылай тарқатар едік.

Жалпы, ғұлама жасқа да, жасамысқа да ой салатын асыл қазына қалдырған. Ол «Ұят» деген өлеңінде былай жырлайды:

Тұрады ұят тұрған жерде иман,

Әдебі пайғамбардың бұған илан.

Әртүрлі бұзықтықтан адамзатты

Тек жалғыз бұ дүниеде ұят тиған.

Бұл тұжырымын мақаласында нақтылай түседі: «Заманымыздың бір оқымыстысы: «Кісіні әрбір осалдығынан ұяты ғана тияды. Кісі өлтірмек, шіркеу бұзбақ, ойнас қылмақ және басқа әртүрлі жаман істерді істеу жеңіл, ол әркімнің қолынан келеді. Егер бұл істерге ұяты ара тұрмаса». Байқасаңыз, адам қанын мойынға жүктеу, зина жасау, біреудің ақысын жеу, қиянат қылу т.б. толып жатқан жамандық пен күнә ұятсыздықтың кесірінен істеледі екен. Демек, ұят – ала жіптен аттатқызбайтын қорған, пенделіктен сақтайтын қалқан. Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың сәлемі мен салауаты болсын): **«Расында, әрбір діннің өзіне тән мінезі бар. Исламның мінезі –**



ұят – деуі әлбетте тегін емес. Ұялу – мұсылманға тән қасиет. Дін мен дәстүрден, заманауи ғылымнан нәр алған Ғұмардың өсиеті Пайғамбар (оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын) хадисімен үндес болуы таңқаларлық дүние емес.

Кемел мүминнің тағы бір сипаты – төңірегіне пайдасын тигізу, жақсылық жасау. Ойшылдың шығармашылығы бұл тақырыптан да кенде емес. «Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру – адамның ең жақсы қасиеті. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның істеген жақсылық істеріне байланысты. Жақсылық адамдардың өз қолында дейтініміз осыдан» – деп жазады Ғ. Қараш. Ал өз ұлтыңа қызмет ету, өз жұртыңа тіреу болу – жақсылықтың ең үлкені.

Халық деген қауымың,
Қаны бірге бауырың,
Бір туып, бір кететін
Жаны бірге денеңіз.
Жаны бірге денеңді
Сүйенер күндер туғанда
Сүйеу беріп деменіз, –

деп жырлайды ақын. Сүйеу мен демеуге мұқтаж жандар қазіргі қоғамда да аз емес. Көпбалалы отбасылар, жетім балалар, мүгедектер, жалғызбасты аналар, оқу ақысын төлей алмай жүрген студенттер, жарқырап жана алмай жүрген таланттар, тағы сол сияқты толып жатқан мысалдарды атауға



Ғасыр алмасса да, Ғұмар Қараш жазған жәйттер әлі өзгере қойған жоқ. Қазір де ғылым мен өндірісі, технологиясы мен қаруы мықты мемлекеттер шекарасын да, мәдениетін де қорғай алады. Ал ғылым әлеміндегі жаңалықтардан кешіккен жұрттардың жері мен байлығы тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетуде.



болады. Оларға шын ықыласпен жәрдемдескендердің қос дүниелік абыройы артып, өмірі берекеленетіні шүбәсіз. Ислам діні де әрдайым жақсылық жасауға шақырады. Жаратушы «Әли Имран» сүресінің 134-аятында: **«Солар (тақуалар) жеңілдікте де және қиындықта да (Алла разылығы үшін) жұмсайтындар, ашуын ұстайтындар және адамдарды кешіретіндер. Алла жақсылықты ықыласпен істеушілерді жақсы көреді»** – десе, ал «Бақара» сүресінің 112-аятында:

«Кім ықыласпен жақсылық істей отырып, жүзін Аллаға бұрса, онда оның сыйлығы – Раббысында. Әрі оларға қорқыныш жоқ және олар қайғырмайды» – деп сүйіншілейді. Яғни, қасиетті кітаптан нәр алған Ғұмар шығармашылығы – Хақ жолын көрсететін компас іспетті.

Әдебиетшінің пікірінше, қоғамда әділдіктің болуы ауадай қажет. Онсыз өркениетті һәм қуатты елге айналу мүмкін емес. Ғ. Қараш былай жазады: «Талас, тартыс – дүние заңдылығы. Күштінің күштілігі де заңдылық. Осыған қарап адамдар күштілер ғана өмір сүреді деп ойлауы мүмкін. Шындығында, нағыз күштілік шындық пен әділдікте екенін ұмытпау керек». Расында да, егер әділдік болмаса, жемқорлар мен қылмыскерлер бостандықта тайраңдап жүріп, жазықсыз жандар сотталып кетеді; дарындар тасада қалып, кемталанттар жүлдеге кенеледі, үлде мен бүлдеге оранады; нағыз іскер маман қызмет бабында



өспей, өзінен қабілеті төмендерге бағынышты болады; мемлекет байлығының қызығын тек санаулы топ көріп, қалың бұқара кедейшіліктен көз ашпайды. Әділетсіздіктің бұдан басқа да зарар-зияны толып жатыр. Мұның бәрі елді құлдыратады. Асыл дініміз де сондықтан мұсылман қауымын әділдікке үндейді. Алла Тағала «Ниса» сүресінің 58-аятында былай дейді: **«Алла сендерге аманаттарды иелеріне қайтаруды және адамдар арасында билік айтқандарыңда әділ үкім шығаруды бұйырады. Міне, осылайша Алла сендерге қандай керемет насихат айтуда. Шүбәсіз, Алла – Сәмиғ (айтқан сөздерің мен үкімдеріңнің бәрін естуші) һәм Басир (не істеп, не қойып жүргендеріңнің бәрін көруші)»**. Ал Мұхаммед Пайғамбардан (оған Алланың сәлемі мен салауаты болсын) мынадай хадис қалған: **«Расында сендерден бұрынғыларды құртқан нәрсе; абырой-мансапты адам ұрлық жасаса тиіспейтін, ал егер әлсіз адам ұрлық жасаса жазаға тартатын, Аллаға ант етемін Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық жасаса, мен оның қолын кесемін»**. Қазір мұндай сипат дамыған мемлекеттерде байқалады. АҚШ, Еуропа, Жапония, Оңтүстік Корея т.б. өркениетті елдерде қылмыс жасаған немесе заңсыздықтарға барған адамды қызметіне, лауазымына, атақ-абыройына қарамай, заң аясында жауапқа тартады. Білім алушылар, мамандар т.б. санаттағы азаматтар еңбегіне сай әділ бағасын алады, жұмысына қарай лайықты жемісін көреді. Олардың дамыған елге айналуының себебі де осында болса керек. Яғни, қоғамдағы әділдіктің маңызы зор, әділетсіздіктің зардабы орасан.

Қазір Қазақстанды дамытуды өзгелерге арта салу, өзіне жауапкершілік алудан қашу жиі кездеседі. Яғни, «мемлекетті билік алға сүйреу керек, үкімет

өркендетуі тиіс» деген секілді сөздерді оқтын-оқтын естиміз. Ал, шын мәнінде, ел деген – сіз бен біз. Қоғам деген – бәріміз. Ендеше, Отанды гүлдендіру де ортақ міндет. «Жалғыз өзім не өзгерте аламын?!» деп үмітсіздікке салыну қате. Әр адам өзгеруді, көпке пайда тигізетіндей адам болуды өзінен бастаса, онда қоғам да түзеледі. Ғ. Қараштың «Отан және ұлт реформасы» деген мақаласында: «Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әркім шамасы жеткенше қолынан келген істі атқарса болады. Жай адамдар өз міндеттерін адал атқарса, ол күрделі, ұлы істердің бітуіне үлкен септігін тигізген болар еді» – деп жазуы бекер емес. Яғни, мемлекеттің дамуына қоғамның әр мүшесі үлес қоса алады. Ол үшін әрқайсымыз жұмысымызды адал, сапалы атқаруымыз керек. Әр кісінің мойнындағы жауапкершілік жөнінде Мұхаммед Пайғамбар да (оған Алланың сәлемі мен салауаты болсын) айтқан: **«Әр қайсыларың бақташысыңдар және (барлықтарың) қоластындағыларың үшін жауаптысыңдар. Ел билеуші бір бақташы және қоластындағылары (халқы) үшін жауапты. Ер адам жанұясының бақташысы және солар үшін жауапты. Әйел ерінің шаңырағы мен бала-шағасының бақташысы және сол үшін жауапты. Қызметші де қожайынының дүние-мүлкінің бақташысы және сол үшін жауапты. Қысқасы әр қайсыларың бақташысыңдар және қоластындағыларың үшін жауаптысыңдар»**. Яки, әр «бақташы» өз міндетіне жауапкершілікпен қараса, мемлекет ісі де өрге басары хақ.

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА,
Әдебиет саласында «Болашақ»
бағдарламасының түлегі

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,

Ұлттық құрылтай мүшесі, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры:

АЛАШ АРЫСТАРЫ

ИСЛАМҒА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАП, ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕДІ



– Алаш қозғалысы мен Ислам діні арасындағы рухани үйлесімділік туралы не айтар едіңіз? Алаш қайраткерлері дінді қалай түсінді және қоғамды жаңғыртудың құралы ретінде санады ма?

– Жалпы, Алаш қозғалысы дегенде саяси жағын ғана емес, оның руханиятқа тигізген әсерін де тілге тиек етпеуге болмайды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ұлт зиялылары қазақ қоғамын тұтас оятып, жаңа өмірге бейімдеуге талпынды. Ресей империясының боданындағы халқының азаттығы мен теңдігін аңсап, сенім яки дін бостандығын да қалады. Дегенмен мұны іске асыру оңай емес-ті. Ресей – патша билеген монархиялық ел болатын. Алайда билік тармақтарына жаңа ойлы азаматтар келіп, 1905 жылы алғаш Мемлекеттік Думаға (парламент) сайлау өтеді. Заң шығарушы органға дін азаматтарынан Шәймерден Қосшығұл да сайланды. Қазақ даласынан осындай озық ойлы азаматтар Думаға депутат болып, ұлттық идея төңірегіне біріге бастады. Олар бастапқыда өздерін «алашпыз» демеді. Көшбасшысы Әлихан Бөкейхан

болған ұлт қайраткерлері халықтың мұң-мұқтажын билікке жеткізуге тырысты. Соның бірі – қазақтың дін ахуалы, сенім бостандығы еді. Өткен ғасырдың басында түрлі жиыннан Ресейдегі жалпы 20 миллион түркі-мұсылмандар арасынан қазақтың да үні естіле бастады. Сол кезде Алаштың дін ісі Уфадағы діни басқармаға қарады. Кейінірек Алаштың қазіи, белгілі ақын Ғұмар Қараш бастаған діни тұлғалар, қажылар, имам-молдалар байқалды.

Бұрын кеңестік өлшеммен большевиктер төңкерісіне дейін халқымыздың сауатын кем етіп көрсететін. Бұл жерде орысша білім алғандар ғана есепке алынған. Егер мұсылманша оқығандарды санасақ, жұрттың кемінде елу пайызы хат танитын деңгейде еді. Әрбір азамат баласын мұсылманша оқытуды парыз санайтын. Мектеп, медреседегі шәкірттерді ауылға алдыртып, жаз бойы балаларының тілін сындырып, сауатын ашатын. XX ғасырдың басында мектеп пен медреселер жәдиттік бағыт ұстанды. Арабша өтілетін шариғат сабақтарынан бөлек химия, биология, астрономия секілді пәндер оқытылып, білімнің мазмұны байытылып, формасы жаңарды. Алаш арыстары мен ата дініміздің үйлесімділігі, сірә, осы болар. Жәдитшілдік бағыттың басында тұрған Ысмайыл Гаспралы «Тәржіман» деген газет шығарып, Ресейдегі күллі түрік мұсылмандарын ағартуға жұмылды. Онда түрлі мақалалардан бастап, көркем шығармаларға дейін басылды. Молда, шәкірт, жаңарған қоғамның азаматы қандай болу керек деген ойлар айтылып, тұлғасы таныстырылды. Мемлекеттік Думаның мінберінен де осы мәселе жиі көтерілді. «Ешкім дініне, тегіне қарай алаланбаса, халыққа теңдей мүмкіндік берілсе, ел сауатты болады. 20 миллион мұсылман сауатты болса, Ресей империясының абыройы артады» деген мазмұнда пікір айтылды.

Әлихан Бөкейхан мақалаларында, естеліктері мен жазбаларында Лев Толстой туралы жазған. Алаш арысы ел ішінде жүргенде Толстойдың кім болғанын баяндайды. Тыңдаған жұрт: «Толстой мұсылман болған

ба?» деп сұрайды. «Жоқ, ол мұсылмандарды құрметтеген, сыйлаған, түсінген», – деп жауап бергенде: «Оның іс-әрекеті мұсылмандай екен» депті. Ал енді Әлекең Науан хазіретті Ресейдің ұлы ғалымы Ломоносовқа теңейді. Тосын салыстыру, бірақ дін тұлғасына деген құрметі ойлантады.

– XX ғасыр басында дін мен ұлттың тұтастығы мәселесін Алаш зиялылары қалай шешпек болды? Мысалы, дінді ұлттың рухани өзегі ретінде қараған тұстары бар ма?

– Алаш кезеңінде дінде алалық болды деп есептемеймін. Әрине, қазақ даласына Ресейдің, Украинаның ішкі аудандарынан көшірілгендер (қарашекпенділер) қоныстанды. Олар өз дінін ұстанды, шіркеулерін салды. Ал енді қазақ ауылдарында Ислам қазақтың өз жағдайына сай дамыды. Бұған Алаш азаматтарының жазба-естеліктері дәлел. Алаш қайраткерлерінің жүз пайызы – ауыл молдасының алдын көргендер. Міржақыптың, Сұлтанмахмұттың, Мағжанның өлеңін қараңыз: бастауыш діни терминология жетіп артылады.

Сол кездері білімнің бәсекесі жүріп жатты. «Қандай білім тезірек халықтың саяси-әлеуметтік мәселесін шешуге оңтайлы? Қандай тіл билікпен тіл табыса жүре қазаққа еркіндік пен теңдік алып береді?» деген ойлар болды. Бұл, әрине, орыс тілі еді. Ресейдегі түрік-мұсылмандар ішінде татар, башқұрт, кавказдық азаматтардың біраз бөлігі орысша оқыды. Олар да өз ауылында мұсылманша хат таныды. Ал енді осы азаматтардың барлығы жаңа билікпен мәміледе жұмыс жасағысы келді. Сондықтан халықтың дәстүрі мен дініне құрметпен қарады. Дін қайраткерлерін, молдаларды қадір тұтты. Заманауи білім алғандар мен имамдардың арасында, дін қайраткерлердің ішінде алауыздық болған жоқ. Мысалы, алаш зиялылармен аралас-құралас болған бір тұлға – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ол бір жағынан діндар, екінші жағынан ғұлама, халықтың мұрасын жинаған фольклоршы. Алаш зиялыларына тілеуқор болды. «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген секілді өлең жинақтарында сол кезеңдегі саяси ахуалға баға береді.

Ал, Шәкәрім Құдайбердіұлы қажылық парызын өтеп, Абайдың аманатын орындады. Оның өлеңдері діни құндылықтарға тұнып тұр. Алаш қайраткерлерін ерекше бағалады, қадірледі. Елдік жиындарға да қатысып, ақсақал ретінде батасын берді. Ғұмар Қарашты алайық. Ол – көрнекті ақын, жұртын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер. Дін-шариғат, имандылық

жолын насихаттаған ғұлама-ахун. «Бала тұлпар», «Аға тұлпар» жинақтарының ұстанымы, пікірі діни құндылықтарға суарылған.

Имам-молдаларға айтатын сыны – тек бірыңғай діни кітаптарды ғана оқып қоймай, дүниелік кітаптарды оқып, жаратылысты ғылыми жүйемен түсіндіруге, жаңа өмірге бейімделуге үндейді. Бұл діни тұтастыққа қызмет етті ғой деп есептеймін.

Ал енді сол кезде мұсылманша оқытатынды – молда, орысша білім беретінді – учитель (мұғалім), оқу орындарын сәйкесінше мектеп және шол (үшкел) деп аталды. Шол – батыстың сөзі. Әр оқу ошағы өз құзыретінің аясында қарым-қатынас жасады. Алаш кезеңіндегі үлкен істерден имамдардың, қажылардың, басқа да дінге қатысты ықыласты азаматтардың ешқашан да шеттетілмегенін, соның ішінде болғандығын көрсетеді. Мысалы, Жетісудағы жаңашыл жәдитшіл мектептің басында тұрған – Мамания мектебі. Бұл мектепке Ыстамбұлда, Ресейде, араб елдерінде оқыған азаматтар мұғалімдікке шақырырылды. Бұл да дін тұтастығына қызмет етті деп ойлаймын.

– Сіздің Алаш қайраткерлері туралы жазған еңбектеріңізді көпшілік жақсы біледі. «Руханият», «Алаш және әдебиет», «Пайым» атты кітаптарыңызбен қоса Жүсіпбек Аймауытовтың 5 томдығын, Смағұл Сәдуақасұлының 3 томдығын, Қошке Кемеңгерұлының 3 томдығын жинақтап, кітап етіп шығардыңыз. Осы еңбектерде ата дінімізге ерекше екіпін беріп, тоқталған тұстары бар ма? Тарқатып айтып берсеңіз.

– Менің Алашқа қатысты онға жуық кітабым жарық көрді, жинақтарым одан да көп. Осы еңбектерде дінге қатысты не жаздыңыз десеңіз, ғылыми әдебиетке «руханият» деген ұғымды алғаш енгізген азаматтардың бірімін. 90-жылдары қазақ лексиконында рухани мәселелер, рухани мұра деген сөз тіркестері болғанмен, «руханият» сөзі жоқ-тын. Ал руханияттың аясы кең. Оған дін мен тіл, мәдениет, ұлттық мүдделерімізді ұлықтайтын еркіндік пен теңдік ұштастыратын рухани ұғымдар кіреді.

Тәуелсіздіктен кейін дінімізді, руханиятымызды зерттеуге мүмкіндік берілген соң, алаш қайраткерлерінің дінге, сенімге деген ықыласын жазуға тырыстым. Мысалы, Ғұмар Қараш Алаш құрылтайына және басқа да біраз жиындарына қатысқан. Сонымен бірге Мағди Мақұл қазақтың алғашқы діни қазиларының бірі, Уфадағы діни басқарманың мүшесі болған. Бұл жайында еңбектерімде мәліметтер бар. Қазір Мағди Мақұл туралы көп деректер белгілі бола бастады. 1927 жылы Уфадағы діни басқармадан «Ислам мәжілісі» деген



журнал шыққан. Осы басылымдағы деректерге сүйене отырып, осы кісі жайында мақалалар жаздым.

Смағұл Садуақасұлының әкесі молда болған. Жалпы Алаш қайраткерлерінің көбінің ата-анасы дінге ықыласты еді. Ал енді тек дінге қызмет еткендері болды ма? 2000 жылдардан кейін Садуақас Ғылмани мұрасын зерттей бастадым. Оның Алашқа тікелей қатысы бар. Ғылманидің Жүсіпбек Айтмауытұлы туралы еңбегі бар.

Ал белгілі фольклортанушы, зерттеуші В.Радлов: «Қазақтар дінге әлсіз, мәжусилік белгілер бар. Сондықтан оларды христиандару жұмыстарын жүргізуге болады» деген ойын білген соң «Радлов эффектiсi» деген мақала жаздым. Бір қарағанда, біздің ауыз әдебиетімізді жинаушы, жанашыр азамат болып көрінеді. Бірақ... Радловқа байланысты Мұстафа Шоқай естеліктерінде: «Ресейдің біраз ғалымдары қазақты көбелек сияқты жинап, қатырып қойып тамашалағандай көрінеді. Олар қазақтың тағдырына, мұң-мұқтажына бас ауыртпайтын. Әлихан оларға: «Сендер үлкен жиындарда қазақтың мұңын, қайғысын, мәселелерін көтеріңдер!» деп айтқанымен, олар үндемей қалатын. Соларды көргенде Әлихан отырған жерінен тұрып кететін» деп жазады. Қошкенің «Қазақ тарихынан» еңбегінде де дүмшені сынау мен ақылды діндарға лайықты баға беру аңғарылады.

– Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы еңбектерінде дін ұғымы ағартушылық, ұлттық тәрбие, әділеттілік идеясымен ұштасқан. Мысалы, ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы «Маса» жинағында халықтың надандықтан құтылуын имандылықпен байланыстырады. Ал Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» еңбегінде ұлттың рухты болуын «дін мен ғылымды қатар ұстаудан» көреді. Осы тұрғыдан Алаш зиялылары діни сенім мен рационалдық білімді

қатар ұстаудың моделін қалай қалыптастырды деп ойлайсыз?

– Әлихан, Ахмет, Міржақып қазақтың дәстүрін, оның ішіндегі діни дәстүрін сыйлаған, қадірлеген азаматтар деп қабылдаймыз және соны үлгі етеміз. Өмірдің түрлі жолы, зиялылардың өсіп-өнген ортасы бар. Әлихан тағдырдың жазуымен өзге ұлттың өкіліне үйленді. Жұбайы, сірә, біздің дінімізді қабылдамаған. Сондықтан жерлестерінің естеліктерінде «Әлекең елге келген кезде әйелін Семейге қалдырып, өзі келуші еді» деген сынды дерек кездеседі. Бұл, бір жағынан, халқының дәстүрін сыйлағандық (әрине, өте нәзік мәселе). Ал Ақаң жарының Александра есімін мұсылманша Бадрисафа деп өзгерткенін білесіздер. Міржақып Дулатұлының әйелі – қазақ. Бұл – Алаш арыстарының жеке өмірі.

Әлихан Бөкейхан М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романындағы трагедияны Құран сүрелерінің атауын көрсете, аяттарды жаза отырып талдайтын бір қызық жері бар. Мұны 1914 жылы Петербургта өткен жалпыресейлік мұсылман съезі туралы мақаласында жазған. XX ғасырдың басында мұсылман түрік әлемінде түрлі жаңару қозғалысы жүрді. Әлихан Ысмайыл Гаспралыны таракки (прогресс) жолындағы қайраткер деп атап, жәдитшіл оқуды насихаттаған.

Ал енді Ақаң: «Қазақ тұрған кезде, оның мұсылманша жазуы тұрғанда қазақтан санасынан (генетикалық код) араб қаріпті жазуды ешкім өшіре алмайды» дегендей пікір айтты. Ол кезде біз араб негізді жазуды пайдаландық қой. Мұның барлығы да ақыл мен ойға әсер ететіндігін атап өтеді.

Міржақыптың «Оян қазағынан» бастап, барлық шығармалары, өлең жинақтары, тіпті есеп құралдарына дейін бәрі ұлттық дәстүр мен діни құндылықтарымызды мүмкіндігінше насихаттауға құрылған. Әркім өз орнында отырса, қоғам түзелетінін жеткізген. Рационалды жаңа білім ұлттың діні мен дәстүріне табан тіремесе, ғұмырының қысқа болатынын айтқан.

Жалпы, Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған үш жүздей Алаш қайраткері белсенді түрде жазумен айналысып, газет шығарған. Олар ғасырлар бойы келе жатқан Ислам құндылықтарына тіл тигізбеген. Кейінгі кезде кейбір жекелеген адамдар Алаш зиялыларын атеист ретінде, кейде дінге қарсы азамат ретінде көрсетіп қалады. Бұл шындықпен сәйкеспейді. Дүмшені сынау – бүкіл молданы сынау емес. Сонымен бірге зайырлы ұстанымдағы азаматтың бәріне бір көзқараспен қарау да қисынсыз.

Сұхбаттасқан Кеулімжай ҚҰТТЫ


АЛАШТЫҢ ДІНИ КІТАПТАРЫ

Алаш қозғалысының, яғни, бұл идеяның пайда болуына негізгі фактор Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсылық десек те, бастауы сол кезеңдегі діни реформаға қатысты екені анық. Өйткені, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамында орыстардың діни миссионерлік бағыттағы мектептері жұмыс істеп, түркі тілдес халықтардың ұлттық болмысына қауіп төне бастаған еді. Осы сәтте Алаш арыстары мұсылман қауымының діни жоралғыларын реттеп, мүфтият құру мәселесін де көтерді.

Шоқындыру саясатына қарсы шыққан Алаш қайраткерлерінің, молда-ишандардың қуғын-сүргінге ұшырауы өз алдына бөлек әңгіме. Алаш қозғалысы зайырлы қоғам құруға талпынса да, арыстарымыз мұсылманшылығынан жаңылған жоқ. Өйткені қай тұлғаның өмір жолына үңілсек те, олардың ауыл молдасынан хат танып, медреседе білім алғанын байқаймыз. Біз осы мақаламызда қилы-қыстау заманда ел-жұрттың діни сауатын ашып, осы күнге тарихи еңбек болып жеткен кейбір кітаптар жайлы тоқталмақпыз.

**«Иман һәм намаз
яки мұсылмандық»**

1914 жылы жарық көрген бұл кітаптың авторы – Уфадағы «Ғалия» медресесінің түлегі, Алаш мұғалімі, публицист Мұстақым Малдыбайұлы (1880-1927). Қазіргі Қарқаралы ауданындағы Мәди ауылының тумасы. Оның есімі мен еңбегі Алаш идеясын зерттеушілер мен соған қызығушы оқырманнан өзге көпшілік-




ке беймәлім. Себебі ұзақ жылдар бойы зерттеуден қалыс қалған Алаш қайраткерлерінің бірі. 2023 жылы Мұстақым мұғалімнің еңбегін алаштанушы-ғалым Елдос Тоқтарбай зерттеп, қазіргі қаріпке келтіре отырып, оқырманмен қауыштырды. «Қыр баласы» қоғамдық қорының «Алаш кітапханасы» сериясымен жарық көрген еңбекке «Иман һәм намаз яки мұсылмандық» кітабынан бөлек Мұстақым Малдыбайұлының «Қазақша ең жаңа әліппе», «Қазақша оқу кітабы» оқулықтары және публицистикалық мұрасы енген.

«Иман һәм намаз яки мұсылмандық» кітабы Семей қаласындағы

«Жәрдем» баспасынан шыққан. Бастауыш мектептің екінші сынып оқушыларына арналған кітапта автор мұсылмандықтың негізгі шарттары, иман келтіру, құлшылық-ғибадаттарға қатысты түсініктер, тазалық, дәрет алу мен намазға қатысты үкімдерге, оларды орындау ретіне жеке-жеке тоқталыпты. Баспадан жарық көрген соң кітаптың бір данасы 12 тиыннан, ал пошта арқылы 14 тиыннан сатылған. Бүгінде кітаптың түпнұсқасы ҚР Орталық Ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы тұр.

«Иман-Ислам»

Тағы бір «Ғалия» медресесінің түлегі Атырау облысы Құрманғазы ауданынан шыққан Нұғыман Манай (1894-1938) «Иман-Ислам» діни оқулығын 1915 жылы жарыққа шығарған. Медресе қабырғасында білім жүріп жазылған еңбек 30 беттен тұрады. Уфадағы «Шарқ» баспасының өнімі бастауыш сынып оқушыларына арналған. Бұған дейін айтылған Мұстақым



Малдыбайұлының кітабы секілді бұл діни оқулықта да иман негіздері, құлшылық түрлері айтыла келіп, көркем мінез, жұмақ пен тозақ тақырыптары да қамтылыпты. Оқулықтың өзінде: «Мынау шәкірттер бастырған ғылым хал кітабы. «Иман-ислам» мұнан бұрын шыққан мұғалім Мұстақым Малдыбаевтың «Ғылым халынан» біздің қарауымызда онша артық көрінбейді. Әр халде шәкірттердің талабы дәуірлеп, бұл кітаптың тарауына, мұнан кейін тағы да пайдалырақ кітаптар бастырып таратуына тілектеспіз», – деп жазылған екен.


Діни оқулық баспадан жарық көрген соң 18 тиыннан, ал пошта арқылы 20 тиыннан сатылған. Нұғман Манайдың осы діни оқулығы және одан бөлек әдеби, публицистикалық еңбектерін 2024 жылы жас ғалым, алаштанушы Ертай Біләл жинақтап, қазіргі қаріпке келтіріп құрастырып шығарды. Осылайша тарихи тұлғаның мұрасы «Qyr balasy» қоғамдық қорының «Алаш кітапханасы» сериясы арқылы оқырман назарына ұсынылды. Ал «Иман-

Ислам» кітабының түпнұсқасын Ғылым ордасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан көруге болады.

«Үш анық», «Мұсылмандық шарты»

XX ғасырда қазақ елінде жарық көрген діни кітаптардың ішінде Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» кеңінен танымал. Философиялық трактат ретінде белгілі «Үш анық» кітабына Шәкәрім қажы отыз жылдай ізденіп, ой елегінен өткізгенін 1928 жылы қорытындылапты. Қазақ ойшылы толғанып жазған еңбегінің кіріспе сөзін: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Біліп жаратушы – тәңірі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан – дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» деп басталады. Бұл кітапта Шәкәрім қажының батыс, шығыс философтарының еңбектерімен жай ғана танысып қоймай, оны зерттеп, талдап, қажет болса, сынап отырып тұжырым жасағанын байқаймыз. Оның діни ғана емес, дүниелік ілім, жаратылыстану ғылымын да жетік меңгергенін аңғару қиын емес. Бірінші анықта жаратылыс мазмұны арқылы Жаратушы білімінің шексіздігін айтса, екінші анықта жан туралы былай түсініктеме береді: «Жан әр түрге түсуі мүмкін, бірақ жоғалмайды. Инстинкт – сезімді жан, сознание – аңғарлық жан. Мысль – ойлайтын жан, ум – ақылды жан дегендей әртүрлі қасиеттері болады». Үшінші анық – ар-ождан. Шәкәрім қажының пайымына сүйенсек, ар-ождан – жанның екі өмірдегі азығы.

«Мұсылмандық шарты» – 1911 жылы Орынборда жарық көрген



Шәкәрім қажының кітабы. Атауында айтылып тұрғандай еңбекте мұсылмандық шарттары тарқатылып жазылған. Иман келтіруден бастап, адам баласының өзін тануы арқылы Жаратушысын тануы, жақсы мінезге ұмтылып, жаман мінезден сақтану мәселесін де қарастырған. Бұл кітап араға сексен жыл салып, 1993 жылы Алматыда «Қазақстан» баспасында қайта жарық көрді.

Түйіндей келгенде, ел егемендігі үшін күрескен Алаш қайраткерлері ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосып, халықтың сауатты болуына көп еңбек сіңірді. Соның ішінде жоғарыда атап өткен тарихи тұлғалардың діни, рухани еңбектері бүгінгі күнде де өзектілігін жоймады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір өсиетінде үш амалдың адам баласы өмірден өткеннен кейін де оған сауап болып барып тұратынын сүйіншілеген. Соның бірі – пайдалы білім десек, аяулы Алаш арыстарының ұрпаққа аманат еткен рухани мұралары оларға мәңгілік өмірде де пайдасын тигізеді деген үміттеміз.

Ермұрат ШОПАН

ІЛИЯС АХМЕТҰЛЫНЫҢ ДІНИ ҚОЛЖАЗБАСЫ

№203 қолжазба – «Имам Ғазали» деп аталады. Авторы – алаш қайраткері, ағартушы – Ілияс Ахметұлы. Қолжазба ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған. Кітапханадағы «Қорды толықтыру» бөлімінің тіркеу дәптеріндегі мәліметтерге сүйенсек, қолжазба 1926 жылы жазылғанымен кітапхана қорына 1940 жылы түскен.

Аталмыш еңбекте әлемге әйгілі ойшыл Имам Ғазалидің «Ихия-әл-улим» атты рухани-философиялық еңбегінен үзінділер берілген. Мәтінде адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеу, нәпсімен күресу, ақыл мен иман, дүние ілімдері мен ізгілік туралы терең

ойлар қамтылған. 28 бөлімнен тұрады. Алғашқы алғысөз есебіндегі тақырыпта Ғазалидің ата-тегі, өмірі мен шығармашылығы баяндалған.

Қолжазбаның тілі көркем, мазмұны терең. Ілияс Ахметұлы имам Ғазалидың еңбегін қазақ тілінде түсіндіру барысында тұлғаның өмірі мен ғылыми жолын баяндап, оның дүниетанымдық мәнін ашуға ұмтылған. Ол Ғазалидың даналығына терең үңіліп, тек түсіндірумен шектелмей, ойшыл еңбектерінің мән-маңызын ашып, субъективті көзқарасын білдірген. Бұл – Ілияс Ахметұлының Ислам және шығыс философиясына деген зор ықыласы мен танымының дәлелі.

1-КЕСТЕ.

№	АТАУЫ	СИПАТЫ	ҚОСЫМША
1.	Авторы	Ахметұлы Ілияс.	Қолжазба мұқабасында латын қарпімен «Ахмет ұлы Ілияс ¹ – Aqmet ulı Ilias» деп жазылғанымен де, 6-беттегі төте қаріптегі мәтіннің соңында «Ақиметқалий Іліяс – اقسمةتقالي ىلياس» деп берілген.
2.	Қарпі	Төте.	Қолжазба араб графикасындағы төте қаріппен жазылғанымен, мұқабадағы кейбір сөздер латын, кирилл әліпбиімен де таңбаланған.
3.	Жазылу мерзімі	1926 жыл, 12-желтоқсан.	Қолжазбаның 2-парағындағы мәліметте: «12.XII.1926» деп берілген.
4.	Көлемі	31 парақ, ұзындығы – 35,5, ені – 20,5 см.	Қолжазба 31 парақ болғанымен де, мәтін 26 парақта жазылған. Бұл жердегі 6 бет: мұқаба, кейбір бос парақтар.
5.	Сипаты	Сарғыш, жұмсақ қағазға қою көк сиямен жазылған №203 қолжазба.	Қолжазбада ашық көк сиямен түзетулер, қосымша сөз бен сөйлемдер енгізілген.

* * *

Имам Ғазали туралы қазақ тіліндегі алғашқы жазба дерек 1918 жылы қазіргі Семей қаласында жарық көрген «Абай» журналының №2 санында жарияланған. Бұл – Сейітбаттал Мұстафаұлының «Имам Ғазали» атты мақаласы. Басылым алаш қайраткерлері Жүсіпбек

Аймауытұлы мен Мұхтар Әуездің редакторлығымен, «Уақ» қарыз серіктігінің қолдауымен жарық көрген.

Аталған мақалада автор Ислам ойшылы имам Ғазалидың өмірі мен ғылыми мұрасына тоқталып, оның шығыстық философия мен діни танымдағы орнын сипаттауға тырысқан.

[1] Түпнұсқада «Ахметқали ұлы Ілияс» деп жазылған. Десек те, біз бұл жағдайды оқырманға ескерте, ғылыми айналымға енген нұсқадағыдай «Ахметұлы Ілияс» деп беруді жөн деп санаймыз.

Ілияс Ахметұлының «Имам Ғазали» атты қолжазбасы – қайраткердің рухани-мәдени ізденісінің жемісі. Қолжазбада автор ұлы ойшылдың «Ихия-

әл-улим» еңбегін қазақша түсіндіріп, дін мен білім, ізгілік пен руханият мәселелерін халық тіліне жақын әрі түсінікті түрде тәржімалауға тырысқан.



2-КЕСТЕ.

С.МҰСТАФАҰЛЫ «ИМАМ ҒАЗАЛИ» ² («Абай» журналы. 1918 жыл, №2)	ІЛИЯС АХМЕТҰЛЫ «ИМАМ ҒАЗАЛИ» (ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қоры, №203 қолжазба)
1. «Ғазали хижраның төрт жүз елуінші жылында Хорасанда Тос шаһарына жақын бір ауылда дүниеге келді. Өзінің аты Мұхаммед Мұхаммедұлы Ғазали. Лақап аты имам Ғазали.	1. «Ғазали 450-інші жылы Тауыс (Тұс) деген қалада туыпты. Мұсылман кітаптарында имам Ғазалидың ата-тегін былай келтіреді: Ахметтің баласы – Мұхаммед, Мұхамедтің баласы – және Мұхаммед, Мұхамедтің баласы – және Мұхаммед. Осы, кейінгі Мұхаммед – Имам Ғазали болады. Имам Ғазалиды Әбу Ханифа «...» деп жүргізеді. Қазақша келтесінен қайырғанда «Ғазали» болады. Өз аты – Мұқамбет. Әкесінің аты да Мұқамбет. Әкесінің әкесінің аты да Мұқамбет».
2. «Өлер уақытында бір жақын досын шақырып алып, мал-мүлкін һәм екі баласын тапсырып, көбінесе өзі оқи алмағандығынан балаларын оқыта көр деп қатты тапсырып кетті. Бұл адам екі баланы мал-мүлкін аямай жақсы тәрбие етіп, малы таусылғаннан кейін Тос шаһарындағы «Әлхамдүттостың» медресіне оқуға береді».	2. Өлеріне көзі жеткеннен кейін екі баласын досына тапсырады. Тіршіліктен арманы екі баласын оқыту екенін, оқыта алмай өліп кетіп бара жатқанын айтып: «не қылсаң да осы екі баланың оқуына бір жәрдеміңді тигіз», – дейді. Бұлардың әкесі өлгеннен кейін әлгі досы айтқанын істеп, балаларды медресеге береді».
3. «Бұл медреседе бірнеше жыл оқығаннан кейін «Абу Насырруллаи-мағилдықтан» оқып, қайтадан Тос шаһарына келе жатқанда бір ұрылар тонағанын Ғазали өзі былай баяндайды: «Жолшыбай ұрылар тонап қапшықтағы кітаптарымды да алып қойды. «Неше жыл өмірімді өткізіп жинаған ғылымым қапшықта кетті, кітаптарымды қалдыр» деп соңынан қалмаған соң, ұрының басшысы тұрып: «Біз сенің ғылымыңды алғамыз жоқ, кітабыңды алдық, кітаппен бірге жоғалып кететін ғылымыңның не пайдасы бар?» деп кітаптарымды қайтып берді. Ұрылардың бұл сөзі ғибрат болып, кітапқа сүйенген, көңілге тоқымаған ғылым анық ғылым емес екен деп ойлап, елге келген соң барлық оқыған кітаптарын үш жылдай жаттап шығыпты. Ғазали зерек, ойшыл, парасатты адам еді».	3. «Жұржан қаласынан қайтып келе жатқанда қарақшылар кездесіп, Ғазалиды тонайды. Жазып келе жатқан кітабының бәрін тартып алады. Жинап келе жатқан талай еңбегі ұрыларға түскен соң Ғазали сасады. Ұрыларға жалынып, кітаптардың ұрыларға керек емес екенін айтып, қайтадан өзіне берулерін өтінеді. Ұрылар Ғазалиды мазақ қылады. «Сен қалай білімдімін деп айтпақ боласың? Кітабыңды біз әкетсек, айырылып қаламын», – деп тұрсың. Өзіңнің ойыңда тұрмағаннан кейін дегенмен ұрылар Ғазалидың кітабын қайта береді. Ғазали өз қаласына Тауысқа қайтқаннан кейін кітабындағы сөздердің бәрін де жаттап алыпты деседі».
4. «Жүз он бірінші жылы милләтта елу бес жасында опат болды».	4. «505-інші жылы Жұмаділ ақыр (Жумада әл-ахир) айының он төртінде дүйсенбі күні дүниеден қайтады. 55 жыл-ақ сүреді».

ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған, Алаш ардақтысы Ілияс Ахметұлының «Имам Ғазали» атты қолжазбасы (№203) – қазақ руханияты

мен Ғазали мұрасын байланыстыра зерделеуге жол ашатын құнды дереккөз. Бұл қолжазба – тек тәржіма ғана емес, терең танымдық авторлық интерпретацияның ерен үлгісі. Ғазалидің «Ихия-ул-улим»

[2] Алаш қайраткері Сейітбаттал Мұстафаұлының «Имам Ғазали» мақаласының қазіргі қаріпке түскен мәтіні «Алаш көсемсөзі» сериясымен 2011 жылы жарық көрген он томдықтың сегізінші кітабынан алынды.



еңбегінен алынған баптарды қазақшаға түсінікті етіп тәржімалауы, ойшыл өмірінен дерек беруі – Ілияс Ахметұлының діни-ағартушылық бағыттағы терең білімін көрсетеді.

Аталған қолжазбаны ғылыми айналымға енгізу – Алаш кезеңіндегі рухани мұраларды жаңғыртудың бір тармағы ғана емес, сонымен қатар қазақ философиялық және діни ой-санасының дамуына тың серпін берер бастама. Алдағы уақытта бұл еңбекке текстологиялық тұрғыдан сараптама жасау – зерттеуші қауымға үлкен міндет. Сондықтан да біз зерттеуіміздің мақсаты ретінде әлі күнге дейін ғылыми айналымға енген аталмыш қолжазба туралы ақпарат пен Ілияс Ахметұлының өмірінен дерек беруді, алаш кезеңіндегі Ғазали тұлғасының, мұрасының зерттелуін талдауды ғана мақсат тұттық. Ал қолжазба турасындағы басқа да сауалдарға бір мақаламен шектелу мүмкін емес-ті...

Ілияс Ахметұлының «Имам Ғазали» атты қолжазбасы – қайраткердің рухани-мәдени ізденісінің жемісі. Қолжазбада автор ұлы ойшылдың «Ихияәл-улим» еңбегін қазақша түсіндіріп, дін мен білім, ізгілік пен руханият мәселелерін халық тіліне жақын әрі түсінікті түрде тәржімалауға тырысқан.

Қорытындылай келе, жәдидтік жүйенің негізін салған, адамзат тарихының ойлау жүйесіне төңкеріс әкелген ойшыл Зайниддин Мұхаммед имам Ғазалидің ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорындағы Ілияс Ахметұлы тәржімалаған еңбегі алдағы уақытта ғылыми айналымға толық енгізіліп, филологиялық, тарихи, философиялық тұрғыдан кешенді зерттеулерге негіз болады деген сенім бар. Сонымен қатар, қолжазбаның мазмұнын заманауи графикаға түсіріп, тәржіманың тілі мен стиліне лингвистикалық сараптама жасау – келешек зерттеушілерге зор мүмкіндік туғызары анық.

Ертай БІЛӘЛ,

ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің қызметкері, Абай атындағы ҚазҰПУ PhD докторанты

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ: КЕШЕГІ ДӘМОЛЛА ҚАНАПИЯДАН БҮГІНГІ ЖАСҰЛАН ЖҮСІПБЕКОВКЕ ДЕЙІН

Торғай жерінен қол бастаған батырлар, ел бастаған көсемдер, сөз бастаған шешендер, халықтың сауатын ашқан дара ағартушылар, ұлтты жарқын жолға бастаған қайраткерлер және дін жолын берік ұстап, Ислам дінін таратқан діни тұлғалар көптеп шыққан. Соның ішінде Торғай даласы имандылық ордасына айналуына үлес қосқан Күмісбай, Мырзабай, Құтан, Құлымбет әулиелерден бастап Ахат, Сатыбалды, Мырза, Файзолла, Марал ишандарды, Омар кәлпе, Мұртаза хазірет, Тұрманбек, Қайдар, Арыстанбек, Салық, Сабыр, Қапыш, Нұрахмет, Ысқақ, Жүніс, Сыздық, Тілеп, Сұлтанбек, Бәймен, Қосмағамбет, Таласбай молдаларды, Аймағамбет, Жүзбай, Әбдірахман, Жүсіп, Тәтіғұл, Аяпберген, Дәбей, Досай, Аймаз, Қалас, Сәтмағамбет, Дәрке, Бекмырза, Шалабай, Мәйке, Рахмет, Қыдырәлі, Мұстафа, Мұсабай, Шымберген, Нұркей қажыларды, т.б. айырықша атауға болады. Діни қайраткерлердің көбі Бұқара, Ташкент, Троицк, Уфа, Мекке-Мәдина қалаларының медреселерінде білімдерін жетілдірді. Мұның арғы бастауында Бұқара жағынан Хаши абыз ұрпақтарын алдыртқан Шақшақ

Жәнібек батыр мен ағасы Тұрлығұлдың белгілі бір деңгейде ықпалы да бар. Соның арасынан Торғай уезіне ғана қатысты, оның ішінде ұмыт қалған, көп айтыла бермейтін діни қайраткерлерді таныстыра отырып, ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқанын айтқымыз келеді.

Сондай діни тұлғаның бірі – Қанапия Мәшейұлы. Қазақ тарихының білгірі Ғ. Әмірханов ұстаздардың ұстазы туралы былай дейді: «Торғай даласында бастау алған Ислам дінін жалғастыруда 1840-50 жылдарда алғашқы Қошалақ құмының «Тұз» деген жерінде тұрлығұл руынан Мәшей баласы Дәмолла Ханафия деген кісі Бұқараны бітіріп келіп, мешіт салып, сол жерде дәріс берген. Сол мешіт-медреседен оқыған белгілі діни ғұламалар, молдалар, атақты көріпкел әулиелер шықты». Тағы бір деректе Қанапия аталас туысы Шеген би ұрпақтарының көмегімен білім алып, оқуын үздік тәмамдаған соң сол жақта ұстаздыққа қалып, кейін елге сұранып келіп, он жылдай Торғай мешітінде дәріс бергені айтылады.

Ж. Салықұлы бастаған ақсақалдар Қанапияны он

1992 жылы ашылған Торғай мешіті



жылдай оқып, «дәмолла» атағын алған дарынды адам, дін жолында бүкіл Торғай даласынан жалғыз шығып, Мекке-Мәдинаға барған, беделді, білімді ұстазының қатесін шығарған дарынды шәкірт екенін өздері білетін және естіген деректері негізінде жазып қалдырды. Уәде беріп, елге келген дәмолла Қанапия Меккеге қайта барып, ұстаз болған. Бірге еріп барған қалпе Есжан екеуі сол жақта өмірден өтіпті. С. Кенжеахметұлы серігі туралы: «Меккеде Қанапиямен бірге қырықмылтық Есжан Байболұлы да болған. Бұл кісі де көріпкел, қасиетті адам екен. Рұхсат алып еліне кетіп бара жатқан Қанапияға «бұйырса 10 жылдан кейін осында келерсің, топырағың менің жанымнан бұйыра», – деген екен. Ақыры солай болыпты», – деп жазады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қажылық сапарын өтеген Ғ. Әмірханов әулиелерді сұрастырып, Жаннатул Мұғаллада жерленгенін анықтаған. Мешіт-медресе салынған Қошалақ жайлауындағы «Тұз» бүгінгі күні «Молданың тұзы» деп аталады. Осы жерден алғаш әліп танығаны шәкірттер кейін білімдерін толықтырып, жер-жерде діни орындар ашты.

Елде дін таратушының бірі – атақты Байту молда. Ол туралы энциклопедиялық жинақта қысқаша дерек бар: «Байту молда Асанұлы (1840 – 1914) – дін қайраткері, ағартушы. 28 жыл бойы Торғай оязының бас имамы болды. Амангелді, Жангелдин, Наурызым аудандары аумағында медреселер ашып, өлке балаларын оқуға тартқан. Байту молдадан дәріс алғандардың арасында қазақтың белгілі ағартушылары ғұламалары А. Байтұрсынов пен М. Дулатов та бар».

М. Дулатұлы Торғай қаласындағы ортақ бір медресені Байту молла салдыртқанын жазады. Ұстазы турасында: «Бұл кісінің дін ғылымы жолында еткен қызметі Торғай қазағы үшін қымбат. Мұнан 20 жыл бұрын Ильминский шәкірті Алекторов Торғай облысында инспектор болып




Дәлмәғамбет Оспанұлы

тұрған заманда рұқсатсыз медресе аштың деп Байту молла мен бес хазіретті сотқа беріп, медреселерін жапқанын Торғай қазағы әлі ұмытқан жоқ шығар. Сонан бері Торғайда мұсылманша оқу үзілген емес», – деп жазады. Ал Досжан Тоқтабай Байту молла жайынан жазған көсемсөзінде: «Бұл елдің мұсылманша оқиян дегені Бұқараға, Троицкіге барып оқыған. Орысша оқимын дегендері Троицкіге, Орынборға, Қазанға барып оқыған. Сол мезгілде Шұбалаң болысының қазағы һәм указной молласы Троицкіден оқып шыққан Б. Асанұлы зор қаражатымен елінің ішінен мешіт, медресе салып, бала жинап, һәр кімді бірнеше жыл көп балаларды оқытып, ғылым білдіріп елге жайған», – дейді. Сондай-ақ Торғайдан бірнеше бөлмесі бар үй салып, шәкірт тәрбиелеп жүрген Байтуды жұртқа пайда келтіретін адам екенін түсінген қазақ, ноғай бірігіп, 1894 жылдары қаладағы бұрыннан салынған мұнарасыз мешітті зорайтып, имам қылып сайлағанын жазады.

Байту молда 72 жасында дүние салғанда Торғай мешітінде өткен жаназасына мыңға жуық кісі жиналыпты. Демек энциклопедияда 1914 жылы өмірден өткен деп қате жазылған. Дұрысы – 1912 жыл. Оның орнына медресінің мүдәрісі Бейіс хазірет,





Жасұлан Жүсіпбеков

бас халифасы баласы Салық болған. Торғай уезінің ауылдарында бала оқытқан молданың дені Байту молда мен Бейіс хазіреттің алдын көрді. Шұбалаңның азаматтары қолдаған медресе мұсылманша ғана емес, бір жағында К. Тоқтабай орысша сабақ берді.

Қос молдадан кейін тінет руынан шыққан қалпе, әулие, дәмолла Кәтенді (1872-1933 ж.) айтпай өте алмаймыз. Дәмолла Кәтен 1928 жылғы қуғын-сүргінге ілігіп, дүние мүлкі тәркіленсе де, Қостанай жағына айдалып, қайта келген. 1933 жылы 61 жасында өмірден өтіп, сүйегі Торғайдағы аштық құрбандары зиратына жерленген. Басын қарайтып, ескерткіш қойған – жиені Тохтарбек Камалұлы. Ескі қорымның жанындағы көшеге есімі берілген.

Қанапияның сүйікті шәкіртінің бірі – Хаши абыздың ұрпағы Оспан қожа. Оспан қожадан Әмірхан, Әмірханнан Ғазиз қажы туады. Совет үкіметі кезінде ата жолын ұстай алмаған Ғазиз қажы «молда бол» дегені «мұғалім бол» деп ауысқан заманда саналы ғұмырын ағартушылыққа арнап, Қазақ КСР еңбек сіңірген мұғалімі атанды. Егемендікке жеткеннен кейін қажы атанып, Торғай кентінде мешіт ашуға күш салды. Мешіт шаруасымен Алматыдағы мүфтиге дейін барды. Торғай халқы жұмыла жүріп салған мешіттің басы-қасында жүрген аудан әкімі Ж. Қосабайдың да еңбегі көп. 1992 жылдың 21 тамызы күні Торғайда мешіт ашылды. Мешіттің ашылу салтанатына Діни басқарманың бас мүфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлы, ғалым Х. Алтай, т.б. қатысты. Мешітті көрген бас мүфти: «Қазақстанда мұсылман институты мен медресе ашылған, мешіттер көптеп салынуда. Дегенмен

солардың ішіндегі ең көрікті де сұлу бірінші мешіт осынау Торғай мешіті», – деп зор баға берді. Мерке медресесінің түлегі Шоқан Ғазизұлы бас имам болды. Ғазиз қажы баласын діни ілімін арттыру үшін оқуға жіберген шақта мешіттің уақытша имамы болып, кейін мешіт жанындағы мұсылман қауымдастығының жетекшісі болды. Ш. Әмірханов – бүгінгі күні Қостанайдағы «Жайлаубай ата» мешітінің бас имамы. Қожа ұрпақтары ата жолынан айнымай келеді.

XX ғ. 20-жылдары Торғай уезінде 54 мешіт болып, оның бәрін Әлмағамбет Оспанұлы басқарғаны айтылады. Ол 1886 жылы Тосын болысының ауылында дүниеге келіп, 1966 жылы өмірден өткен. Тосын болысына қарасты Бестау, Шилі, Суықбұлақ жеріндегі ақсақалдар бас қосып, «Бостандық» мектеп-мешітін

ашуды ұйғарып, мұғалім-имамдыққа Ә. Оспанұлын сайлаған. Бір жағынан орысша, бір жағынан мұсылманша оқытқан мектеп А. Байтұрсынұлының емлесін ұстанған. «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы санында: «Бұл күнде осы мектеп Торғай үйезінің елдегі мектептерінің ең тәуірі», – деп жазылған.

Ә. Оспанұлы мұқтасифті 1926 жылы денсаулығына байланысты қызметінен босаған Нәуен молдадан қабылдап алған. Нәуен хазіреттің 1910-13 жылдары Мекке қаласынан

арнайы соқтырып әкелген мөрі бауырына салған баласы Ахметхан ұрпақтарының қолында сақтаулы.

Нәуен молда шәкірттерінің бірі – ақын Жүсіпбек Салықұлы. Өз сөзінде: «жас кезім көбіне Тосында өтті. Нәуен молданың баласы секілді өстім. Нәуен указной молда еді», – деп айтады. Жүсіпбек жыршы Торғай тұлғалары туралы құнды естеліктер қалдырған. 1990 жылдары жасы ұлғайып қалғанына қарамастан мешітте молда болды. Немересі Жасұлан Жүсіпбеков Каирдағы «Әл-Азһар» университетінде оқып, Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінде бірнеше жыл қызмет етті. Қанапиялар салған жолды әрмен қарай жалғастырған бүгінгі күннің имамы деуге болады.

Сөзімізді қорыта келе, аты аталған Торғай діни қайраткерлері көркем мінезі мен адамшылық ісімен де ел-жұртқа үлгі болып, заманына қарай икемделіп, елге өнеге бола білді. Ең маңыздысы – ертеден жалғасып келе жатқан сара жол үзілмей, ұрпақтар сабақтастығы тоқтамай, атадан балаға мирас болып келе жатыр.

Данияр ИХСАН,
жас алаштанушы



ҰЛТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР РӨЛІ

Қазақ елінің Ресей империясының боданына айналып, отарлық қамытын киіп, тәуелділікке түсу кезеңдерінде Патша үкіметі күшпен жерін иемденіп алғаннан кейін өз мәдениетін насихаттап, жергілікті халықтың рухани құндылықтарын жоюға бағытталған отарлау саясатын жүргізді. Отарлаушы ел жергілікті халықтың рухани болмысын, ұлттық құндылықтарын зерттеп-зерделей отырып өз саясаттарын іске асыруға көшті.

Көп жылға созылған зерттеу жұмыстарының арқасында отаршылдар қазақ қоғамының рухани тұтасын ыдыратпай тұрып, оны толығымен саяси тұрғыдан игеру мүмкін еместігін айқын сезінді. Орыс зерттеушілері ол кезеңде қазақ даласын шарлап, оның әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, жалпы, рухани, мәдени болмысын бүге-шігесіне дейін зерттеумен айналысты. Бұл Ресей империясының Қазақ хандығы тарихтан кетпей тұрып, қазақ даласын діни-идеологиялық тұрғыдан игеруге бағытталған әрекетке кірісуіне мүмкіндік берді.

Патша шенеуніктері ислам дінінің жергілікті халықтың күнделікті тұрмысы мен салт-дәстүрінің біте

қайнасып, тіршілігі мен өмір салтында басты орын алатындығына мән бере отырып, діннің рөлін төмендету шараларына белсене кірісті. Қазақ үшін дін – дүниеден тыс тұрған әлдебір күш емес, қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін, дүниетанымын көктей өтіп жатқан негізгі арқау болатын. Осы арқауды үзбекші болып жанталасқан патша үкіметінің саясатын жүзеге асырмауға, ұлттық құндылықтарды сақтауға қазақ зиялылары бар күш-жігерін салды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхаметжан Сералиндер ұлттық

идеяның тұғырларының бірі діни құндылықтарды ұлықтауға шақырды. Міржақып Дулатұлының «Оян қазақ!» тұғырнамасы ұлттық идеяның, ұлттық руханияттың негізгі ұстанымы болды.

Ұлттық бірлік пен татулықтың негізі дінде екендігін түсіне білген олар діннің адамгершілік ұстанымдары қоғамды ұйыстыратын күш деп санады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген, руханият пен мәдениет саласында қызмет етіп шығармашылық мұраларын қалдырған, қазақ оқымыстылары туған халқының ұлттық ой-санасын оятуға, заман көшіне ілесуге шақыра отырып, қазақ оқымыстылары отаршыл жүйенің қазақтың дәстүрлі мәдениет жүйесінің негіздерін шайқалтуға ұмтылғандығын айқын түсініп, ұлттық мәдениет пен руханияттың тірегі тілді, дін мен ділді сақтау арқылы жүзеге асатындығын сезінді.

Ұлт қайраткерлері адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға зор үлес қосатын дінді насихаттай отырып, зайырлылық принципін ұстанды. Олар дінді мектеп пен мемлекеттен бөлек болу керектігіне басты назар аударған болатын. Тұңғыш қазақ конституциясы саналатын «Қазақ елі уставында» да дін мәселесіне айрықша мән берілді.

Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханұлының өтінішімен ірі реформатор Барлыбек Сыртанов 1911 жылы «Қазақ елі уставы» яғни, тұңғыш қазақ конституциясының жобасын жазып шықты. Осы конституцияның «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» деп аталатын I тарауының 2-бабында: «Қазақ елінің жеке туы бар. Туы жасыл, қызыл һәм сары көлденең жолақтардан жасалады. Басындағы бұрышта ай һәм жұлдыздың суреті бар. Жасыл түс – елдің исламға берілгендігінің белгісі, қызыл – ел қорғауда төгілген қан, сары – қазақтың кең даласы, еркіндіктің белгісі» деп жазылды. Одан бөлек, «Адам баласының құқы турасында» деп аталатын II тарауының 10-бабында: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон һәм Құдай алдында жауап береді» делінді.

Большевиктік билік өкімет басына келгеннен кейін халықты өз жақтарына тарту мақсатында дін ұстануға ерік берілетіндігі жайлы мәлімдеме жасағаны тарихтан белгілі. 1917 жылы 20 қарашада жарияланған мәлімдемеде: «Ресей және шығыстың барлық мұсылмандарына үндеуін» жариялады. Ресей мұсылмандары, Еділ бойы және Қырым татарлары, Сібір және Түркістан қырғыздары мен сарттары, Кавказдың арғы беті түріктері

мен татарлары, Кавказ шешендері мен таулықтары, Ресей патшалары мен қанаушылары тарапынан мешіт пен ғибадатханаларына қол сұғылған баршаларыңыз! Бұдан былай сіздердің наным – сенімдеріңіз бен әдет – ғұрыптарыңызға, ұлттық және мәдени мекемелеріңізге бостандық беріліп, қол сұғылмайтын болып жарияланады. Біз сіздерден мейірімділік пен қолдау күтеміз» деп жазылды.

Бұл мәлімдеме Патша өкіметі кезінде діни-рухани жағынан қысымшылыққа ұшыраған Ресей боданындағы түркі жұртына жағымды жаңалық болды.

Сондай-ақ елімізде дербес Діни басқарманың болмауы мен оқыған дін қайраткерлерінің аздығы зиялы қауымды толғандырған болатын. Әлихан Бөкейхан «Моллаларға» деген мақаласында қазақ молдаларына ел мүддесі үшін ауызбіршілік танытып қызмет етуді ұсынады. Өзге дін қызметкерлерінің ынтымағы жарасқан өмірін мысалға ала отырып, былай дейді: «Үлгі алсаң, қазақ молдалары осылардан ал». Осындай дінге жеңілдік берілген кезеңде Орынборда Ресей мұсылмандарының Діни басқармасы құрамында Қазақ бөлімі құрылады. Бұл жағдай ұлт қайраткерлері мен қазақ халқының өміріне жарық сәуле шашқандай болды.

1917 жылы мамыр айында өткен бүкіл Русия мұсылмандарының I съезі өтті. Оған делегат болып Бөкей ордасынан Ғұмар Қараш және Орал қазақтары атынан Хасан хазірет барды. Бұған дейін Діни басқарма басшыларын патша өкіметі тағайындап, солар арқылы отарлау саясатын жүргізіп келген. Ал Ресейде уақытша үкімет құрылып, соның қолдауымен мұсылмандар өздерінің діни басшыларын бірінші рет өздері таңдап, сайлады. Сол съезде Ұбайдолла Ғалеев бүкіл Русия мұсылмандары басқармасының төрағасы болып сайланды. Ол – Қазанның татары. Ал басқарма қазилері мүшелері болып 4 дінбасы сайланады. Бірақ, бәрі – татар- башқұрт. Оған наразы болған қазақтар съезде: Патша өкіметі кезінде шарифатпен басқаруға қолымыз жетпей жүруші еді. Енді патша жоқ, олай болса, бізден де бір адам Кеңеске кірсін деп ұсыныс жасайды. Сол жерде кооптация әдісімен, сайланған органның тағайындауымен Ғұмар Қараш бесінші қазі болып тағайындалады. Ғұмар Қараш діни Кеңесте бүкіл қазақтың діни істерін қарайтын қазі болады. Ресей мұсылмандарының орталық діни басқармасы Уфа қаласында орналасқан еді.

Жаһанша Досмұхамедовтың Санкт-Петербург қаласындағы кітапханада сақталған мұсылмандар қауымы үшін қасиетті кітап Құранды Ташкент қаласына

Қазақ үшін дін – дүниеден тыс тұрған әлдебір күш емес, қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі бүкіл тұрмыс-тіршілігін, дәстүрін, дүниетанымын көктей өтіп жатқан негізгі арқау болатын. Осы арқауды үзбекші болып жанталасқан патша үкіметінің саясатын жүзеге асырмауға, ұлттық құндылықтарды сақтауға қазақ зиялылары бар күш-жігерін салды.



алғызуы, қазақ зиялыларының Ресейді мекендеген түркі жұртының, мұсылман қауымының арасында бөделінің жоғары болғандығын көрсетеді.

1917 жылы II Жалпы қазақ съезі Жаһаншаны Мәскеуде өтетін бүкіл Русия мұсылмандарының II съезіне делегат ретінде жібереді. Сол жерде мұсылмандардың «Шура-и ислам» деп аталатын өзін өзі басқару комитеті құрылады. Онда Жаһанша Комитет төрағасының орынбасары болып сайланады. II съезд делегаттары: «Біздің Халифа Осман жидырған қасиетті Құран Кәрім кітабымызды 1869 жылы Түркістанның генерал-губернаторы фон Кауфман Санкт Петербордың кітапханасына тапсыртқан. Соны біз қайтарып алуымыз керек. Біз үшін ол – құнды жәдігер», дейді. Бәрі оны қолдайды. Білікті заңгерлерден тұратын топ құрып, оның басшысы етіп Жаһаншаны сайлайды да, Смольныйға жібереді. Ленин сөзге келмей, Салтыков – Щедрин атындағы кітапхананың басшысына «дереу беріңдер» деп өз қолымен қағаз жазып береді. Жаһанша бастаған топ барады да, қасиетті Құран Кәрімді қайтарып алады. Оны алдымен Уфаға жібереді, содан кейін Ташкентке келеді. Бұл жәдігер ғылымда «самарқандық куфа жазулы Құран» деп аталады. Ол кітап кейін Өзбек Ғылым академиясы болған мекемеде сақтаулы тұрады. Ал 1943 жылы Орта Азия Діни Басқармасы құрылғанда, оны соған тапсырады. Ол кітап әлі сол жерде сақтаулы тұр. Бұл – әлемдегі ең құнды кітаптардың бірі.

Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясының негізі қаланып, Алашорда ұлттық кеңесі құрылғандығы белгілі. Алаш партиясының бағдарламасына дін ісі тарауы да енгізілген. Он тараудан тұратын бағдарламаның «Дін ісі» аталған IV тарауында:

«Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы» деген құқықтық норма көрсетілді. Бағдарламадағы «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы» деген норма зайырлылықтың негізгі принципі екені белгілі. Әйтсе де, «Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы» деген нормалар «Алаш» партиясының зайырлылықтың преференциялық үлгісін таңдағанын көрсетеді.

Қорытындылай келгенде, Қазақ елін бодандықтан құтқаруды мақсат еткен Алаш зиялылары ұлтты сақтау жолында, дінге барынша көңіл бөліп, қазақы салт-дәстүрмен біте қайнасқан ислам дінің халықтың ежелден қалыптасқан рухани мәдениетімен астасып жатқандығын түсінді. Оқыған зиялы дін қайраткерлері де өз шығармаларын да салт-дәстүрмен дінді байланыстыра отыра халықты діни-рухани нәрмен сусындатуға тырысты. Тұңғыш қазақ конституциясының жобасы мен «Алаш» партиясының бағдарламасында дінге қатысты зайырлылық принциптері көрініс тапты. Діннің мемлекеттен бөлек болу керектігі айқындалды. Алаш арыстарының ұлттық сананы жаңғырту арқылы ой-сананы өзгерту, замана көшінен қалмау, өркениетке ұмтылған елдердің жағымды жақтарын бойға сіңіруді көздеген мақсат-мұраттары – бүгінгі күнде де маңызды тақырыптардың бірі.

Ербол АМАНГЕЛДІҰЛЫ,
Гуманитарлық ғылым магистрі

АЛАШ АРЫСТАРЫ АТЫНДАҒЫ МЕШІТТЕР

Соңғы кездері еліміздің әр өңірінде үлкенді-кішілі мешіттер бой көтеріп, олардың саны жыл сайын көбейіп келеді. Қазіргі уақытта мешіттерге қатысты көпшілік түсінігі де өзгере бастаған. Мәселен, бұрын мешіт тек қана намаз және өзге де құлшылық түрлеріне арналған ғибадат орны болса, қазір тұрақты жамағатынан бөлек тұтас ел жиналатын мәдени, туристік орынға айналды. Тіпті бүгінгі таңда мешіттің сәулетінен бөлек, оның атауына да ерекше мән берілетін болған. Олардың қатарында Алаш қайраткерлерінің есімі берілген құлшылық ордалары ерекше маңызға ие.

Жаңадан бой көтерген немесе қалалық, аудандық деп аталып келген мешіттерге Алаш арыстарының есімін беру 2021 жылы басталды. Сондай-ақ бұл игі істің биыл да жалғасатынын Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы 2025 жылға арналған Бағдарлық баяндамасында мәлімдеп: «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылғанына 35 жыл толуына орай айтулы мерейтойдың мәнін арттыру мақсатында қазақ даласынан шыққан әулие, ғұлама, батыр, Алаш қайраткерлері мен ахун-ишандардың есімін мешіттерге береміз», – деген болатын.

Осы орайда «Иман» журналы оқырмандарының назарына Алаш қайраткерлерінің есімі берілген мешіттердің кейбірі жайлы мәлімет ұсынуды жөн көрдік.



Жақып Ақбай атындағы Теміртау мешіті. Мешіт Қарағанды облысының Теміртау қаласында орналасқан. Құрылысы ХХІ ғасырдың басында аяқталып, нақты айтқанда, 2001 жылдың 13 қарашасында ел игілігіне пайдалануға берілді. 800 адам еркін сыятын құлшылық ордасы 2021 жылға дейін «Теміртау қалалық мешіті» аталып келген. Жоғарыда айтып өткен бастамаға сәйкес 2021 жылы мешітке атақты Алаш оқымыстысы

Жақып Ақбай есімі берілді. Қазақтың алғашқы заңгері саналатын Жақып Ақбай Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы ойын ашық айтқан Алаш ардақтыларының бірі еді. Ел егемендігі үшін қасық қаны қалғанша күрескен Алаш арысының өмір жолы тынымсыз еңбек пен күреске толы әрі ұзақ жыл полиция бақылауында болғаны, саяси көзқарасы себепті бірнеше рет түрмеде отырғаны тарихтан мәлім.



Теміртаудағы «Әлихан Бөкейхан» мешіті. 300 адамдық бұл мешіт Қарағанды облысының Теміртау қаласында 2010 жылы ашылды. 2021 жылға дейін «Теміртау қалалық орталық мешіті» аталып келген құлшылық ордасына 2021 жылы Әлихан Бөкейхан есімі берілді және ол осы қаланың орталық мешіті саналады.



Семейдегі «Әлихан Бөкейхан» мешіті. 2021 жылы Семей қаласының Суықбастау кентінде жаңа мешіт ел игілігіне берілді. Бұл мешітте бір мезетте 300 адам құлшылығын өтей алады. Әдетте мешіттердің ашылу салтанаты жұма күні өтсе, Алашорданың негізін қалаушы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан есімімен аталған жаңа мешіт дүйсенбі күні жамағатқа есігін айқара ашты. Мұның символдық мәні мынада еді: 27 қыркүйек – Алаш ардақтысы Әлихан Нұрмұхамедұлының атылған күні. Сондай-ақ 2021 жылы Алаш қайраткерінің туғанына 155 жыл толды. Соңғы демі шыққанша қазаққа қызмет еткен оның есімі қияметке шейін халқымыздың жадында сақталары анық.



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ауылдық мешіт. 2022 жылы ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толды. Осыған орай еліміздің әр өңірінде түрлі рухани іс-шаралар өткен болса, Алматы облысында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мешіт ашылды. Заман талабына сай бой көтерген жаңа құлшылық орны Қарасай ауданының Исаев ауылында ел игілігіне пайдалануға берілді. 500 адам бір мезетте намаз оқи алатын мешіт дәрісхана және дәретхана, көлік тұрағымен қамтылған. Ерекше атап өтетін жайт, мешіт 2019-2022 жылдар аралығында ауыл халқының көмегімен салынды.

«Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы» мешіті. Алматы облысы Ұйғыр ауданының Шошанай ауылында орналасқан бұл мешіттің бой көтеруіне қазақ театр өнерінің шебері, көпке танымал актер Бекжан Тұрыс ұйытқы болды. Өзінің туған ауылында ашылған мешітке қазақтың ойшыл ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының



есімі берілді. Мешіт 2023 жылы 27 тамызда ашылып, салтанатты рәсімге Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы қатысқан болатын. «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» еңбектері арқылы Ислам дінін жұртшылыққа насихаттаған Шәкәрім Құдайбердіұлын оқырманға таныстырып отырудың өзі артық. Дегенмен, бір кездері М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық театрында Шәкәрім қажы бейнесін елмен қауыштырып, халықтың жүрегіне жеткізген актер Бекжан Тұрыстың Алаш арысының атындағы мешітті салуға үлес қосқаны мақтауға тұрарлық.



Міржақып Дулатұлы атындағы мешіт. Алаш қайраткері, ұлтты оятуға барын да, жанын да салған Міржақып Дулатұлы есімімен аталатын Қарағанды қаласындағы мешіттің бой көтергеніне мешіттің бой көтергеніне көп уақыт өтпеді. Дәлірек айтқанда, құлшылық орнының ашылу рәсімі биыл күзде 26 қыркүйек қасиетті жұма күні өтті. Жаңа мешіттің сыйымдылығы – 200 адам. Намазханасынан бөлек имамдар бөлмесі, дәретхана, сондай-ақ 200 адамдық асханасы халық игілігіне жұмыс істеп тұр. Рухани орынға Міржақып Дулатұлының есімі Алаш зиялысының туғанына 140 жыл толуына орай берілді.

Қорыта айтқанда, Алаш қайраткерлерінің ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Олардың есімі елімізде салынатын әлі талай мешітке беріледі деген сенімдеміз.

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ



IMAN

ДИНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
ресми журналы

Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҒҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Жәнділлә БЕКЖІПТОВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жолдас БЕРДІМҰРАТОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Ерболат ЖҮСІПОВ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Қуаныш СӘБИТ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ

Діни сарапшы
Рәтбек қажы НЫСАНБАЙҰЛЫ

Директор-бас редактор
Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы
Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шариғи редактор
Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор
Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Иман» журналының редакциясы

Пошта: iman@muftyat.kz
Телефон: +7 (7172) 999866
Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№3176 ж кәуәлігі берілген

«Иман» журналы редакциясының
компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 200
Тапсырыс: №257

«Жедел басу» баспаханасы,
Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а

Журналда жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

**Басылымда Алла Тағаланың есімі
мен Құран аяттары жазылғандықтан,
журналды аяқасты етпеулеріңізді
сұраймыз.**

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БЕКІТКЕН 2026 ЖЫЛҒЫ ДІНИ КҮНДЕР КЕСТЕСІ

МҰСЫЛМАН ЖЫЛ САНАУЫ			МИЛАДИ ЖЫЛ САНАУЫ			ДИНИ КҮНДЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР
КҮН	АЙ	ЖЫЛ	КҮН	АЙ	АПТА	
26/27	Ережеп	1447	15/16	Қаңтар	Бейсенбі	МИҒРАЖ ТҮНІ
1	Шағбан	1447	20	Қаңтар	Сейсенбі	
14/15	Шағбан	1447	02/03	Ақпан	Дүйсенбі	БАРААТ ТҮНІ
1	Рамазан	1447	19	Ақпан	Бейсенбі	ОРАЗАНЫҢ БАСТАЛУЫ
26/27	Рамазан	1447	16/17	Наурыз	Дүйсенбі	ҚАДІР ТҮНІ
1	Шәууал	1447	20	Наурыз	Жұма	ОРАЗА АЙТ
1	Зұлқағда	1447	18	Сәуір	Сенбі	
1	Зұлхижжа	1447	18	Мамыр	Дүйсенбі	
9	Зұлхижжа	1447	26	Мамыр	Сейсенбі	АРАПА
10	Зұлхижжа	1447	27	Мамыр	Сәрсенбі	ҚҰРБАН АЙТ (1-күні)
11	Зұлхижжа	1447	28	Мамыр	Бейсенбі	ҚҰРБАН АЙТ (2-күні)
12	Зұлхижжа	1447	29	Мамыр	Жұма	ҚҰРБАН АЙТ (3-күні)
1	Мұхаррам	1448	16	Маусым	Сейсенбі	
10	Мұхаррам	1448	25	Маусым	Бейсенбі	АШУРА КҮНІ
1	Сафар	1448	15	Шілде	Сәрсенбі	
1	Рабиғұл әууәл	1448	14	Тамыз	Жұма	
11/12	Рабиғұл әууәл	1448	24/25	Тамыз	Дүйсенбі	МӘУЛІТ
1	Рабиғұл ахир	1448	12	Қыркүйек	Сенбі	
1	Жұмадәл әууәл	1448	12	Қазан	Дүйсенбі	
1	Жұмадәл ахир	1448	10	Қараша	Сейсенбі	
1	Ережеп	1448	10	Желтоқсан	Бейсенбі	

ЕСКЕРТУ

Хижри айлардың басталуы халықаралық астрономиялық
зерттеу орталықтарының мәліметтері негізінде жасалады.
Алайда, діни мерекелердің нақты күндері жаңа айдың
көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн
шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін.